

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО СИСТЕМЕ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ
УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ
ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ**

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 26 маусымдағы № 5 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 5 от 26 июня 2015 года)

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 51 б.

Методические рекомендации по системе критериального оценивания учебных достижений детей с ограниченными возможностями. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 54 с.

Әдістемелік ұсынымдар арнайы және инклюзивті білім беретін, оның ішінде үйде оқытатын педагогтарға, білім беру ұйымдарының басшыларына, облыстық (қалалық) біліктілікті арттыру және педагог кадрларды қайта даярлау институттарының әдіскерлеріне ұсынылған.

Методические рекомендации предназначены педагогам специального и инклюзивного образования, в том числе надомного обучения, руководителям организаций образования, методистам областных (городских) институтов повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылға 25 маусымдағы № 832 Қаулысымен бекітілген Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесімен «жасөспірімдердің практикалық жағдаяттарда игерген білімдерін тиімді қолдануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттілік жүйесін оқушылардың меңгеруі және әлеуметтік бейімдеу процесінде табысты пайдалануы» анықталған. Негізгі құзыреттер - МЖМББС және оқу бағдарламаларында мәлімделген білім нәтижелері түріндегі орта мектеп түлегінің тұлғалық сапасына қойылатын мемлекеттің талабы.

Мектептегі білім мазмұнын заманауи қазақстандық қоғамның серпін сұраныстарына келтіру, функционалдық сауаттылығын дамыту, біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру, вариативтілікті және оқыту формалары мен әдістерін таңдау еркіндігін қамтамасыз ету орта білімнің заманауи артықшылықтары болып табылады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында білім беру процесі оқушылардың психофизикалық ерекшеліктерін және танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып бастауыш, негізгі орта, жылпы орта білімнің жалпы білім беру оқу бағдарламаларының негізінде әзірленген арнайы білім беру оқу бағдарламаларын қолдану арқылы іске асырылады. Жалпы білім беру оқу бағдарламалары тұлғаның жалпы мәдениетін, қоғамдық өмірге тұлғаның бейімделуін қалыптастыру міндеттерін шешуге, саналы таңдау және кәсібі мен мамандығын меңгеру үшін негіз құруға бағытталған.

Бүгінгі таңда мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін ендіру қажеттілігі жетті, яғни бағаға жүктелетін қызметтер ресми түрде хабарланып қана қоймай, сонымен бірге практикада жүзеге асырылады.

Оқушылардың дайындық деңгейі туралы ақиқат және анық ақпараттар алу мүмкіншілігі оқыту мүмкіндігі және жеке оқу қорытындылары болу мүмкіндігін ұсыну бойынша сынып оқушылары құрамының біртексіздігін ескеретін критерилерді қолданумен іске асырылады.

Әдістемелік ұсынымдар мақсаты – түрлі санаттағы балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін іске асыруда арнайы педагогтарға және мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтарға көмек беру.

Ұсынылған материалдар педагогтардың да, сондай-ақ білім беру ұйымдары басшыларының да қолдануына пайдалы болады.

Білім беру ұйымдарының басшылары ұсынылған критерилер мен бағалау рәсімін педагогикалық процесстің түрлі жақтарын талдауда тірек ретінде пайдалана алады.

1 Критериалды бағалаудың әдіснамалық негіздері

Бағалау жүйесі оқудағы негізгі мәселелерді анықтаудың және кері байланысты жүзеге асырудың негізгі құралы болып, сонымен қатар тұтас алғанда білім беру процесінің негізіне салынған қағидаттарды анағұрлым анық бейнелейді.

Білім берудің жаңа стандарттары әзірлеу ісі білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесімен де байланысты ғылыми және әдіснамалық мәселелерді анықтады.

Білім алушылар жетістіктерін бағалауда ең маңызды құрал бола тұра, бағалау жүйесі білім беру процесін жетілдіруді жалғастыру үшін объективті және тиімді болуы тиіс.

Білім берудің қазіргі жүйесінде білім алушылардың білімділік жетістіктерінің сапасын бағалаудың критериалды-бағдарлы көзқарасы негізіндегі қадағалау және бағалау өзекті болып отыр.

Критериалды-бағдарлы көзқарастың қолданылуы білімділік жетістіктерін бағалаудың объективтілік және сенімділік деңгейін айтарлықтай арттырады.

Заманауи мектепте білім алушылардың білімділік жетістіктерін бағалауға критериалды көзқараспен келу талапқа ие, себебі ондай көзқарас білім беру процесінің барлық қатысушыларына өлшенетін критерийлерді және білім беру нәтижелерін көруге мүмкіндік беретін кері байланысты орнатуға көмегін тигізеді.

Бағалау жүйесінің маңызды сипаттамасы қатарында оның тек баға қою кезінде ғана қолданылмай, мұғалім, білім алушылар және ата-аналар арасында білім беру процесінің сәттілігі бойынша қадағалаушы-диагностикалық байланысты тұтас жүзеге асырады.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білімділік жетістіктерін бағалауда бағалау жүйесі осындай балалардың оқудағы жетістіктерін ғана объективті көрсетіп қоймай, мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру процесінде қолдау бойынша келесі әрекеттердің жоспарын құру үшін негіз болуы тиіс.

Бағалау жүйесі білім беру процесінің сапасын нықтауға, оқудағы стратегия және тактика бойынша түбегейлі шешімдері қабылдауға, білім беру мазмұнын да, күтілетін нәтижелерді бағалау нұсқаларын да жетілдіруге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерін өлшеу және оқу қиындықтарын диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білімділік жетістіктерін бағалауда алған нәтижелердің және ерекше білімділік қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы жоспарланған мақсаттардың ара-қатынасы мәнді болады.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ерекшелігін ескеріп, бағалау жүйесін көп функционалды етіп, оны жетілдіру керек. Бағалау жүйесінің бірнеше функциясын атауға болады:

Нормативтік функция білім алушылардың бекітілген мемлекеттік стандартқа қатысты тіркеп, жеке оқушылардың мектеп сыныптарының үлгерімін, мұғалімнің дайындық деңгейі мен жұмыс сапасын қадағалайды.

Ақпараттық-диагностикалық функция білім беру процесінің барлық

қатысушылары арасында баланысты, білім алушылардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың да, мазмұндық және эмоционалдық рефлексиясын қамтамасыз етеді. Бағалау жүйесі білім беру процесінде, нақты сыныпта, нақты бала үшін барлығы дұрыс жүргеніне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Бағалау жүйесі қайсыбір оқу материалының қаншалықты сәтті меңгерілгенін, білім алушылардың қайсыбір дағдыларының қаншалықты қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беруі тиіс. Оқу нәтижелеріне бақылау өлшемдерінің, талаптарының белгілі минимумында білім алушылардың жеткен деңгейін салыстыруға берілген осындай мүмкіндік мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін өте маңызды.

Бұл кезде есепті бастау табалдырығы ретінде осындай балалар үшін нақты анықталуға жататын дәл осы міндетті минимумды алу анағұрлым ұтымды көрінуде.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім жетістіктерін бағалау білім алушылар дайындығының жалпы деңгейіндегі өзгерістерді де, оқудағы жетістіктерінің және білім беру процесінде мүмкіндіктері шектеулі балаларда орын алатын қиындықтарының шынайы сипаттамасын алуға мүмкіндік беретін оның танымдық қызметінің түрлі салаларындағы табыстарының (ақпаратты меңгеруі, ақпаратты өңдеуі, шығармашылық және жобалық қызмет, ойын жеткізу және т.б.) динамикасын да тіркеуі тиіс.

Бағалау жүйесі мұғалім, оқушы, оның ата-анасы, сынып жетекшісі, сонымен бірге әкімшілік пен білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз етуі тиіс, бұл білім беру процесін қалыптастыруға жүйелі көзқарасты қалыптастырып, онысымен оның тұтастығын қамтамасыз етеді.

Одан басқа, мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін бағалауда білім алушылардың психикасына мейлінше ұқыптылықпен қарап, оларды зақымдайтын жағдайларға жол бермей, мүмкіндіктері шектеулі балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін ескеру қажет.

Бағалауға деген жоғарыда аталған көзқарастар білім беру процесінің барлық қатысушыларымен бағалау жүйесіне білімді сәтті алу, кері байланысты орнату, бірақ одан артық емесіндей қажетті құрал ретіндегі қатынасын түсінуін қамтамасыз етуі керек.

Аталған ереже баптары мүмкіндіктері шектеулі балаларды бағалау жүйесінің негізін қалыптастырып, оның қызметінің жалпы шеңберін белгілеп, онымен бір уақытты әрбір нақты алынған білім беру жүйесінің табыстылығы мен толыққандылығына критерий ретінде қызмет атқаруы тиіс.

Критериалды бағалау жүйесінің әдіснамалық негізі ретінде В.П. Беспальконың критериалдық-бағдарлы оқыту технологиясы шыққан [1]. Оның критериалды бағалау теориясындағы негізгі ережелер дәстүрлі білім беру процесінде оқу шарттарының параметрлері әрдайым тіркелген (барлығына бірдей оқу уақыты, ақпаратты беру амалы және т.б.), ал тіркелмеген болып оқу нәтижелері қалуда жүргені негіз ретінде алынған. Американдық психологтар Дж. Керолл және Б. Блумның тұрақты, тіркелген параметр ретінде дәл осы оқу

нәтижелерін бөліп көрсету қажеттігі туралы әзірленген ержелерін негізге алып, В. П. Беспалько бағалау жүйесіне көзқарастарды өзгертуге тырысқан [2]. Бұл жағдайда, американдық психологтардың теориясына сәйкес, оқудың басқа шарттары білім алушылардың барлығымен берілген нәтиже-критерийге жетуі үшін өзгеріп отырады. Осындай көзқарастың негізінде критериалдық-бағдарлы оқыту технологиясы әзірленген, оны сонымен қатар толық меңгеру технологиясы деп те атайды, себебі оның бастама беретін сәті ретінде барлық білім алушылардың қажетті оқу материалын меңгеруге қабілетті болатыны алынған. Барлық мектептегі пәндер бойынша ұсынылатын стандарттар меңгерудің анық критерийлерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Критериалдық-бағдарлы оқыту технологиясының тиімділігі тапсырмалар түрлерін, бақылау нұсқаларын, білім алушыға көрсетілетін түрлі көмектердің қолданылуы әр оқушыға оларды меңгермей жеке тұлғаның толыққанды оқуы мен дамуы мүмкін болмайтын білімділік критерийлердің белгіленген деңгейіне жетуге мүмкіндік беретінінде.

Критериалдық бағалау жүйесі келесі элементтерді құрайды:

1. Тақырыпты (сабақты) меңгеру критерийлері дәл анықталады, бұл нақты оқу нәтижелерінің тізімінде мәнін табады (білім беру бағдарламасының шеңберінде меңгеру деңгейлерін анықтаумен алынған оқу мақсаттары).

2. Тексеру жұмыстары әзірленеді – тестер, олардың негізгі тағайындауы ретінде негізгі тағайындалуы түзетуші оқу ресімдерінің қажеттілігін анықтау шығады.

3. Оқу материалы жеке үзінділерге (оқу бірліктеріне) бөлінеді, зерделеу барысында қол жеткізуге жататын нәтижелер (критерийлер) анықталады, ағымды тексеру жұмыстары құрастырылады, олар әрбір оқу бірлігін зерделеу мақсаттарына қол жеткізілгеніне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

4. Сәйкес оқу әдістері таңдалады, білімділік тапсырмалар құрастырылады.

5. Әр тест сұрағы бойынша балама түзету материалы әзірленеді.

Критериалды бағалау критерийлерге сүйенеді, яғни баға оқушылардың олардың оқу-танымдық құзыреттілігінің дамуындағы түрлі бағыттар бойынша жетістіктерін бейнелейтін құрамдастардан (критерийлерден) қалыптасады.

Критериалды бағалау – шеңберінде бағалаудың және өз бетінше бағалаудың түрлері, нұсқалары мен әдістері қолданылатын көзқарас.

Критериймен бағалауда:

- оқушы өз оқуында шынайы субъект болады;
- оқушының мектептегі алаңдаушылық деңгейі төмендейді;
- мұғалім «соңғы инстанциядағы сот» рөлінен кеңес беруші, маман, тьютор рөліне ауысады.

Осылайша, критериймен бағалау өз құрамында оқушылардың және мұғалімдердің денсаулығын сақтау әлеуетін алып жүреді.

Критериймен бағалау мұғалімге арналған түбегейлі мақсат тұтатын ережелердің бір қатарын қарастырады:

1. Баға көмегімен оқушының жеке тұлғасы емес, тек оның жұмысының ғана бағалануын.

2. Оқушының жұмысы өзге оқушылардың жұмыстарымен тікелей

салыстырумен емес, эталонмен (үздік орындалған жұмыстың үлгісімен) салыстырылуын.

3. Нақты тапсырмалардың түрлі формаларының қолданысын және мұратты орындалған тапсырмалардың нақты және анық сипаттамаларының болуын.

4. Эталонның оқушыларға алдын-ала белгілі болуын.

5. Оқушы өз бетінше өзінің жеткен деңгейін және өз бағасын анықтай алатын бағаны шығарудың нақты алгоритмінің әзірленуін. Өз бетінше бағалау, сонымен қатар, оқушылардың өз жұмысына рефлексиясын да қарастырады. Рефлексия білім алушы жеке тұлғасының дамуындағы міндетті шарт, оның оқушы ретінде дамуының қажетті құрамдас болып табылады.

6. Оқушылардың өз бетінше бағалауға өтуге бет алып, бағалау үрісіне қосылуын.

7. Бағалауға тек оқытып-үйретіп отырғанды ғана салуға болады, сондықтан бағалау критерийлері – бұл оқу мақсаттарының нақты мән табуы.

8. Пән бойынша жалпы оқу мақсаттары оқушылардың нақты осы пән бойынша жетістіктерін бағалауда критерий болып табылып, оқушының жеке жұмыстарымен айқындалған нәтижелерді жинақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, критериалды бағалау білім алушының оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдасып әзірленген, оқу процесінің барлық қатысушыларына алдын-ала белгілі критерийлермен салыстыруға негізделген, білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін. Білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін процесс ретінде дәріптеледі.

Бүгінгі күні білім алушылардың жетістіктерін критерийлермен бағалауға екі басым көзқарас белгіленді. Критериалды көзқарасқа бірінші көзқарас оқу үрлісінің типологиясына және бағалардың сәйкес шкаласының ара-қатынасына негізделген. Осылайша, жағдай түрлерінің әрбіреуінің ішінде оқушы «1»-ден бастап «5»-ке дейінгі бағаларды алуы мүмкін. Бұл жағдайда тапсырмалардың күрделілігі бойынша кезектестігі қамтамасыз етіледі. Онымен бір уақытта бұл көзқарас білімдерді сынып-сабақ жүйесінің жағдайларында қолданып отырғаны кезеңінде шектеледі, «білімнің өмірге шығуы» жүйелігін қамтамасыз етпейді, бұл функционалдық сауаттылығының толық көлемінде қалыптаспайды.

Критериалды бағалауға екінші көзқарас білімді өңдеу - ұғынуды-қолданысты-жүйелендіру мен жинақтау деңгейлеріне және оларға сәйкес бағалау шкаласына негізделген. Ең алдымен білім алушылардың икемдерін қадағалайтын осындай бағалаудың нәтижелері олардың функционалдық сауаттылығына қол жеткізу қырынан толықтыруды талап етеді. Нақты көзқарас білімдегі күтілетін нәтижелерге жетудегі және оларды бағалаудағы қажеттіліктерді толық қамтымайды.

Критериалды бағалау білім алушылардың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкестікте іске асырылады.

Критериалды бағалау жүйесі білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін, олардың шығармашылық және зерттеушілік аясын, оқудағы дербестігін және ақпарат ағынында бағдарлануын қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасау мақсаттарын анықтайды.

2 Критерийлерді жобалау: тәсілдері және құралдары

Оқушыларды оқытудың нәтижесі білім, икем, дағды және құзыреттілік болатын жаңа білім беру парадигмасын енгізудің аясында оқу жетістіктерін бағалау жүйесін өзгерту мәселесі өзекті болып отыр.

Оқушылардың оқу мақсаттарға жету деңгейін анықтау оқу жетістіктерін бағалаудың мақсаты болып табылады, яғни:

- оқу деңгейін, оқыту деңгейін;
- бағдарламалық материалдарды жетік меңгеру және оқыту нәтижесінің сапасын арттыру үшін оқушылардың жеке дара траекторияларын анықтау.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың міндеттері:

- оқу материалдарды меңгеру деңгейін анықтау;
- оқытудың нәтижесі мен күтілетін нәтижелердің сәйкестігін айқындау;
- оқушылардың оқудағы кемшіліктерін жою бойынша түзету жұмыстарын жүргізу;
- оқушылардың оқуға уәждерін арттыру;
- сын тұрғыдан ойлау және өзін өзі бағалау дағдыларын дамыту болып табылады [3].

Оқыту жетістіктерін бағалау сұрақтары бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау кезінде оқу жетістіктерді бағалаудың көптеген әдіс-тәсілдері бар екенін көруге болады. Ғылымда және тәжірибеде онбалдық (В. Симонов), он екі балдық (В.П. Беспалько), рейтингтік және басқа да бағалау жүйелері бар. Бағалауда бірнеше түрлі балл қолданылып және ғалымдардың бұл сұрақ бойынша ойлары әр түрлі болса да, барлық жүйенің бір ортақ түйіні бар, ол -бағалаудың критериалдығы және оқу материалдарын меңгеру деңгейлерін саралау болып табылады. Оқылатын материалдарды терең меңгеру деңгейлерін нақты саралау әрбір бағаның критерийін тұжырымдауға мүмкіндік береді, яғни, ол оқыту нәтижесін бағалауда субъективизмнің болдырмауына әкеледі.

Оқушылардың оқу іс-әрекеттерін критериалды бағалау дегеніміз – төменде көрсетілген критерийлер жинағы бойынша оқушылардың оқу іс-әрекеттері нәтижесіне мағыналық сипаттама беретін жеке іс-әрекеттік оқыту шарттарында қолданылатын баға:

- ойлау іс-әрекеттер деңгейі;
- жобалық іс-әрекетті жүзеге асыру деңгейі;
- өздігінен білім алу деңгейі;
- аналитикалық білім деңгейі;
- арнайы және жалпы оқу икемдерін меңгеру;
- танымдық белсенділік және креативтілік деңгейі.

Сонымен қатар басқа да критерийлер болуы мүмкін. Критериалды бағалау баланың дамуына және оның оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісі ретінде қалыптасуына бағытталған. Ол оқушының тәжірибелік іс-әрекетінде орындаған мазмұны мен сапасын сипаттайды, сонымен бірге кемшілік пен жетіспеушілікті белгілемейді, яғни критериалды бағалау жүйесінде теріс бағалар жоқ.

Бағалау критерийі бірмәнді, бір мағыналы және оқу жұмысының масқаттарын бейнелеу қажет, және ол педагогикалық бағалаудың құралы болып қана табылмайды, сонымен қатар оқушының өзін - өзі бағалау және бір бірін бағалау құралы болып табылады.

Қазіргі уақытта оқушылардың оқу іс-әрекеттерін бағалаудың біртекті критерийлері әзірленбеген. Ол, яғни, критерийлердің негізінде қандай да бір педагогикалық мақсаттар таксономиясы болу қажеттілігіне байланысты. Бүгінгі күні деңгейлердің санымен ерекшеленетін көптеген таксономиялар түрлері бар. Әртүрлі авторлар үштен онға дейін деңгейлерді ұсынады (1-кесте).

1-кесте – Оқу материалдарын меңгеру деңгейлеріне сәйкес оқу жетістіктерін бағалау критерийлері

Авторлар	Оқу жетістіктерін бағалау критерийлері
Блум Б.	Білу, түсіну, қолдану, анализ, синтез, бағалау
Симонов В.П.	Ажырату, есте сақтау, түсіну, қарапайым икем мен дағды
Королева В.Г.	Репродуктивті өздігінен айту, репродуктивті алгоритмдік іс-әрекет, продуктивті эвристикалық іс-әрекет, продуктивті шығармашылық іс-әрекет
Беспалько В.П.	Оқушылық (таным бойынша іс-әрекет), алгоритмдік (типтік есептерді шешу), эвристикалық (іс-әрекеттерді таңдау), шығармашылық (іс-әрекеттерді іздеу)
Максимова В.Н.	Тану, есте сақтау, түсіну, қолдану (тақырыптық жалпылама, пәндік жалпылама, пәнаралық жалпылама)
Скаткина М.Н.	Түсініктемелерді айту, түсініктемелерді тану, түсініктемелерді қолдану, түсініктемелер жүйесін айту, түсініктемелер жүйесін қолдану
Хижнякова Л.С., Синявина А.А.	Сипаттау, салыстыру, классификациялау, түрлендіру, модельдеу, жүйелеу, интерполяция, экстраполяция, дивергенция, конвергенция

Оқушылардың жеке жетістіктерін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

– оқушылардың ақпараттық және таңбалық жүйелер, адам, табиғат, қоғам туралы ғылыми-білім жүйелері негізінде оқу-практикалық есептерді шешуге қабілеттіліктері;

– оқу-танымдық, зерттеушілік, құрастырушылық, жобалық іс-әрекеттердің болуы;

– коммуникативтік, ақпараттық және аналитикалық іс-әрекеттің жалпыланған тәсілдері.

Критериалды бағалаудың барлық жүйесі ерекше оқытуды қажет ететін балалардың мүмкіндіктеріне бейімделген болуы тиіс, ал критерийлер олардың

ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленуі қажет.

Бағалаудың жаңа жүйесі мектеп түлегі тұлғасына деген жаңа білім беру парадигмасының талаптарын ескеріп, сондай-ақ ерекше оқытуды қажет ететін балалардың түрлі мүмкіндіктерін ескере отырып құрастырылу қажет. Сондықтан, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі мектептегі құзыреттілік білім беру шарттарында келесі қағидаттарды ескеру арқылы әзірленуі қажет:

- меңгеру деңгейін саралау;
- критериялды бағалау;
- бағалаудың объективтілігі;
- бағалауды дараландыру;
- бағалауды жариялау.

Оқушылардың оқу материалдарды меңгеру деңгейін саралау қағидаты бағалау шкаласының критериялды бағалау негізін әзірлеуге мүмкіндік береді, яғни ол оқушылардың оқу жетістіктері объективті болуын қамтамасыз етеді. Бағалауды жариялау психологиялық сипаттағы көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Яғни, олар қанағаттанарлықсыз баға үшін оқушылар мен ата-аналар арасындағы дауласу, соңғы алынған бағаға наразы көрсеткені үшін оқушылар мен мұғалімдер арасындағы дауласу, екі жақты түсінбеушілік болғанда мұғалімдер мен ата-аналар арасында дауласу болып табылады.

Оқушылар, олардың ата-аналары және мұғалімдер әрбір оқушының қандай да бір уақыт аралығында (тоқсан, жыл) оқу жетістіктерін салыстыра отырып, даму динамикасын әрқашан қадағалап отырады. Сонымен, мектепте құзыреттілікті білім беру шарттарында жоғарыда айтылған бағалау қағидаттарын ескере отырып оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін әзірлеу мектеп тәжірибесі қажеттіліктері мен жаңа білім беру парадигмасы талаптары арасындағы келіспеушілікті болдырмауға мүмкіндік береді.

Бағалау жүйесін жетілдіру, көп атқарымды және жұмысқа қабілетті ету қажет, әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында, яғни ол:

- оқушының оқу материалдарын қаншама табысты меңгергенін немесе практикалық дағдыны қалыптастырғанын анықтауға мүмкіндік беру;
- әртүрлі танымдық іс-әрекет салаларында оқушылардың табыс динамикасын көрсету;
- оқушылардың өз-өздерін бағалауға жағдай жасау, мадақтау, дамыту негізінде механизм құру;
- «мұғалім-оқушы», «ата-ана -сынып жетекшісі», «әкімшілік-педагогикалық ұжым» байланыстарын қарастыру қажет.

Жоғарыда айтылғандар оқу үдерісінің қалыптасуына жүйелік көзқарасты қамтамасыз етеді, ендеше оның тұтастығын қамтамасыз етеді.

Критериялды бағалау оқушы дағдысын дамуын бағалауға мүмкіндік беретіні анықталған (білу және түсіну, білімді қолдану, сын тұрғыдан ойлау, топтағы ынтымақтастық және жеке жұмыс, тыңдау, айту, жазу, оқу, зерттеулерді жүргізу, шешімдерді тұжырымдау, рефлексия). Критериялды бағалау, біріншіден оқушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалау үшін

енгізіліп отыр. Екіншіден, ол оқушылардың білім сапасы деңгейін нақты анықтауға негіз болады.

Критерий – қандай да бір қойылған талаптарға сәйкестікті бағалау бойынша шешімді қабылдау ережесі, негіздемесі немесе қасиет болатыны белгілі. Сонымен, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері Б. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының сипаттамасы, сонымен қатар В.П. Беспальконың меңгеру деңгейінің сипаттамасы бола алады (2 кесте).

2 кесте – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері

Деңгейлер	Бағалаудың көрсеткіштері
1	2
Төменгі (рецептивті)	Оқу нысанына қызығушылығы жоқ және танып білуге талпынысы жоқ
Қанағаттанарлық (рецептивті-репродуктивті)	Оқу нысанын тану, терминдердің мағыналарын білмей олармен жұмыс жасау, имитациялық есептерді орындау (үлгі бойынша), өзгерген жағдайларда алгоритмдерді қолдана алмау. Берілген оқу материалының жалпы құрылымын білмеу, оны жартылай айту, жауапта қателер жіберу, орындау алгоритмін біреудің көмегімен қолдану, тапсырмаларды орындауда өзіндік дағдылардың болмауы
Орташа (репродуктивті-продуктивті)	Оқу материалын репродуктивті деңгейде мағынасын түсінбей механикалық меңгеру, сұрақтарды жетелеу негізінде жауапты жартылай айту, алған білімін тәжірибеде қолдана алмау, есептерді шешудің алгоритмін өздігінен қолдануға тырысу. Оқу материалын түсіну, оны айту, оқуға қызығушық көрсету, нәтижеге жетуге ынтасын салу, әрі қарай танымдық үдеріс үшін мағынасын толық түсінбей оқу икемдерінің орташа деңгейіне ие болу.
Жеткілікті (продуктивті)	Оқу материалдарын жеткілікті меңгеру, әдеттегі оқиғада үлгі бойынша тапсырмаларды орындау дағдыларына ие болу, вариативті жағдайда тапсырмаларды орындауда қиналу, тапсырмаларды өздігінен орындауға тырысу, шығармашылық жұмыстарды топта орындауға тырысу, есепті өздігінен шығармашылықпен шешу дағдыларының болмауы. Оқу материалдардың когнитивтік құрылымын анықтау негізінде оны меңгеру, оқылатын материалдардағы бөлімдер арасында байланысты көру, типтік, вариативтік және мәселелі жағдайларда алған білімдерін қолдана білу, көрсетілген қателіктерді өздігінен шешуге қабілетті болу, шығармашылық тапсырмаларды топта шешуге уәждену, қателерін жою бойынша мақсат қоя білу.

2-кестенің жалғасы	
1	2
Жоғарғы (продуктивті шығармашыл/ шығармашылықпен қолдану)	<p>Оқу материалдарын жетік меңгеру және типтік, вариативтік және мәселелі жағдайларда өзбетімен қолдану, алынған білімін шығармашылықпен қолдану дағдыларына ие болу, өзінің жіберген қателерін өзгерте алу, есептерді шешу дағдыларын жетілдіру бойынша іс-әрекеттерді жоспарлау, алған білімдерін өмірлік жағдайдағы мәселелерді шешу үшін қолдану.</p> <p>Оқу материалдарын жетік меңгеру, өзінің қосуымен және аргументтермен айтып беру, мәселелі жағдайларда әртүрлі оқу материалдарымен жұмыс жасау, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындау, өздігінен жұмыс жасау және шығармашылықпен жақындаудың жоғары деңгейі, әрекет тізбегінде кішігірім қателіктер жіберу.</p> <p>Оқу материалдарына шығармашылық мағына беру, оқиғалар мағынасын терең ойлау үшін қосымша дереккөздерді қолдану, материалдың конгитивті құрылымын түсіну, құрылымның жетіспейтін элементтерін айқындау, толтыру, оқылатын материалдардың мәселелік аспектілерін ерекшелеу, пәнді оқудағы уәж, алған білімдерін мәселелерді шешу үшін креативті қолдану, жалпылау, жүйелеу және ойлап шығару.</p>

Критериалды бағалау – бағалау мен өзін өзі бағалаудың әртүрлі пішіні, әдістері аясында қолданылатын тәсілдеме. Критериалды бағалаудың функциялары (нормативті, диагностикалық, оқытушы, ұйымдастырушы, тәрбиелеуші, бағыттаушы, ақпараттық) мен қағидаттары айқындалған (3 кесте).

3 кесте – критериалды бағалаудың қағидаттары

Қағидаттар	Мазмұны
1	2
Білім беру үдерісі мен тәрбиелеудің байланысы	Өлшеу параметрлері оқыту мен тәрбиелеу нәтижелеріне МЖМБС және оқу бағдарламаларының талаптарымен анықталады
Маңыздылық	Оқытудың маңызды нәтижелері мен оқушының іс-әрекетін бағалауға екпін қою
Объективтілік және әділдік	Әсер ету құралы болмайтын бағалаудың нақты критерийлерін таңдауды жүзеге асыру.
Адекваттық	Оқытудың мақсаты мен нәтижесіне білім, икем, дағды, құзыреттілік, құндылықтарды бағалаудың сәйкестігі.

3-кестенің жалғасы	
1	2
Біріктірілген	Бағалау оқыту үдерісінің негізгі бөлігі ретінде болады
Ашықтық және жариялық	Бағалау жолдары және критерийлер оқушыларға алдын ала айтылады, оқушылар бағалау критерийлерін әзірлеуге қатысады
Сенімділік	Сенімділік деңгейі бірдей шарттарда жүргізілген өлшеу нәтижелерінің ұқсастығын көрсететін сенімділік коэффициентімен анықталады
Тиімділік	Уақыт, шығындар, мақсатқа жету деңгейі сияқты анықталған талаптарға сай мақсаттарды және жоспарларды жүзеге асыру
Анықтық	Өлшеудің анықтылығы зерттелетін педагогикалық құбылыстың қажетті критерийлерін өлшеуге мүмкін беретіндігін көрсетеді.
Жүйелілік және бірізділік	Бағалау тәртібі тізбекті және мезгілді жүзеге асырылады.
Жанжақтық	Функциональдық сауаттылықты қалыптастыру міндеті пәннің мазмұнын меңгеру бойынша өлшеу жүргізуді талап етеді.
Ізгіниетшілділік	Жетістіктің артуына әсер ететін мұғалім мен оқушы арасында серіктестік қатынасты орнату

Педагогика критериалды бағалаудың жағымды аспектілері көрсетілген: оқушы өзінің оқуында нақты субъект бола алады; оның мазасыздануы төмендейді, мұғалім кеңесші, маман, тьютор рөлінде болады.

Сонымен, критериалды бағалау оқушылар мен мұғалімдердің денсаулығын сақтау әуелетін, әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту барысында маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы білім беретін ұйымдарда ағымдағы және қорытынды оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі оқушылардың функционалдық сауаттылықтарының даму процесіне сәйкес болу қажет және оқу әрекетінің барлық түрлерінің нәтижесін, оқу материалын меңгерудің процессуалдық жағы мен оқушылардың жеке және тұлғалық сапаларының көрінуін ескеру қажет.

3 Оқушылардың түбегейлі құзыреттіліктерінің қалыптасуын бағалау механизмі

Қазіргі уақытта білім беру саласының басымдылықтары ретінде мектеп оқушыларын өмірге, еңбекке дайындау білім нәтижелерін қайта қарастыруды талап етеді. Білімділік нәтижелерінің заманауи тұрғысындағы ұғымы оқу пәнін меңгеруге қатысты білімдердің, біліктердің және дағдылардың әдеттегі тізбегінің шегінен тыс шығуда. Білімділік нәтижелер оқушының мектепте оқуының ақырғы өнімі болып, білім алушылардың жеке тұлғасында орын алған сапалы өзгерістерді білдіріп, оның жүріс-тұрысында, әлеуметтік ортамен қатынасқа түсуінде көрініс береді.

Бұл дегеніміз білімділік нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау маңызды құрамдас ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығының Қазақстанда дамуы мақсаттарының және іс-қимылдарының негізгі бағыттары қатарына қосылған.

Оның адаммен жүре қабылданатын қабілетін түсіне отырып, «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың Ұлттық жоспарында» қарастырылған жеті түбегейлі құзыреттілікті келтірейік [4]:

1. Жеке тұлға құзыреттілігі – өзін-өзі ұйымдастыруға, өз бетінше жетілуге, өз бетінше өмірлік және кәсіби бағдарын анықтауға, өзін-өзі танытуға, толеранттылыққа қабілеттілік.

2. Азаматтық құзыреттілік – түрлі өмірлік жағдайларда өзінің айқындамасын білдіргенде өзінің отаны үшін жауапкершілік алуға, қазақстандық сана-сезімін көрсетуге қабілеттілік.

3. Әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметті бейімделуге және қоршаған ортамен өзара табысты әрекеттесуге қабілеттілік.

4. Басқарушылық қабілеттілік – түрлі өмірлік жағдайларда өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі басқаруға және түрлі мәселелерді шешуге қабілеттілік.

5. Коммуникативтік құзыреттілік – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша және жазбаша өнімді коммуникацияға (қатынасқа) қабілеттілік.

6. Ақпараттық құзыреттілік – өз бетінше танымдық қызметке қабілеттілік, өмір бойында білім алуға икемі.

7. Технологиялық құзыреттілік – технологияларды, соның ішінде ғылыми, санды түрлерін ұтымды пайдаланушы деңгейінде қолдану қабілеттілігі.

Білім беру саласындағы мәнді басымдылықтар деп іріктелген жеті құзыреттіліктің жиынтығы мектеп оқушысының мектепте оқуы барысындағы түрлі кезеңдерінде өмірлік тіршілігіндегі дайындығы үшін қажетті функционалдық сауаттылықты білдіреді. Ол мектеп алды және мектептегі білім деңгейлері бойынша нақтыланып, сонымен қатар қайсыбір құзыреттіліктері әлдебір оқу пәнінің шеңберінде үстем танылады [5].

Арнайы сыныптардағы білім беру процесі оқуда, тәрбиеде және түзетедамыту жұмысындағы сараланған және жеке ықпал қағидаттарын сақтаумен іске асырылады. Түзету компоненті бойынша оқу бағдарламалар оқушыларды өмірге тікелей қосуға дайындауға деген еңбек қызметі мен әлеуметтік-бейімдеуші бағдарына, жүріс-тұрыс нормаларын, әдеттегі гигиеналық,

коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап, күрделі әлеуметтік дағдыларға дейінгі әлеуметтік өмір үшін қажетті болатын сәйкес дағдылары мен әдеттерін шыңдауға деген практикалық және түзетуші бағдарына ие.

Білімділік жетістіктердің нәтижелері мүмкіндіктері шектеулі (МШ) балалардың білім сапасын бағалау үшін мәнді болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білімділік жетістіктерін бағалауға көзқарастарды анықтағанда келесідей қағидаттарға негізделген жөн:

– білім алушылардың негізгі білімділік аясы, соның ішінде оларды жасы мен даму мүмкіндіктеріне сай келетін өмірдің барлық маңызды салаларына қосу үшін қажетті болатын әлеуметтік тәжірибесі (өмірлік құзыреттіліктер) бойынша академиялық білімдердің меңгерілгенін бағалауды көздейтін негізгі білімділік бағдарламаның мазмұнын меңгерудегі білімділік жетістіктерін бағалаудың *кешенділігі*;

– ДМШ (даму мүмкіндіктері шектеулі) балалардың даму және білімділік қажеттіліктерінің типологиялық және жеке ерекшеліктерін ескерумен жетістіктерін бағалаудың *саралануы*;

– білім алушылардың психикалық және әлеуметтік дамуындағы өзгерістерді, жеке қабілеттіліктері мен мүмкіндіктерін зерделеуді көздейтін олардың негізгі білімділік бағдарламаның мазмұнын меңгерудегі жетістіктерін бағалаудың *динамикада* болуы;

– түрлі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың жетістіктерін бағалауда объективтілікті қамтамасыз етуге қабілетті болатын білім алушылардың білімділік бағдарлама мазмұнын меңгеруіндегі жетістіктерді бағалау параметрлерінің, критерийлерінің және құралдарының *бірыңғай* болуы.

МШ балаларға білім берудегі тұтас процестің негізгі заңдылықтарын көрсетіп, бұл қағидалар өзара тығыз байланыста жүріп, бір уақытта олардың біліміндегі нәтижелерді бағалауды жүзеге асыру процесінің түрлі қырларына қатысты.

Арнайы педагогикада *негізгі функцияларға*:

– *қадағалаушы*: жеке оқушының (сыныптың, топтың) жетістік деңгейін, жаңа материалды меңгеруге дайындық деңгейін анықтайды, сәйкесінше бұл педагогке оқу материалын жоспарлауға және түсінікті баяндауға, қажетті жеке көмекті дер кезінде ұйымдастыруға, туындауы мүмкін қиындықтардың алдын алуға мүмкіндік беруді;

– *оқу-түзетуші*: жаңа материалды зерделеу дайындығына, оның меңгерілуіне, қайтып өңделуіне, білімдерді нақтылап, тереңдетуге, оларды жүйелеуге, алған біліктері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған білімділік жетістіктерін бағалаудың арнайы ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді;

– *диагностикалық-түзетуші*: білім алушыда оқу процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін айқындайды, білімді меңгерудегі ақаулықтарды анықтайды, оларды жобға бағытталған түзетулерді енгізуді;

– *ынталандырушы-мотивациялық*: *оқушылардың білімділік жетістіктерін бағалаудың арнайы ұйымдастырылуын* анықтайды, өзінің көрсеткен нәтижелерін жақсарту қалауына түрткі болады, белсенділікті

дамытып, оқудағы оң мотивацияларды қалыптастыруды;

– *дамытып тәрбиелеуші*: сақталған анализаторларын (талдағыштарын) қолданып, өз бетінше және үніліп еңбектену икемдерінің қалыптасуына, бақылау және өз бетінше бақылау, оқу қызметіндегі рефлексия амалдарын қолдануға ықпал етуді жатқызады.

Оқушылардың білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгерудегі білімділік жетістіктерін бағалау жүйесін әзірлеуде білім алушылардың дайындық деңгейіне МЖМБС-да келтірілген талаптарға бағдар алу қажет.

Білім алушылардың дайындық деңгейлері үш аспектіні қамтумен бағаланады:

- 1) жеке (тұлғалық) нәтижелер;
- 2) жүйелі-әрекетті нәтижелер;
- 3) пәндік нәтижелер.

Жеке (тұлғалық) нәтижелер білім алушының тәрбиеленуінің, әлеуметтенуінің, рухани, шығармашылық және дене дамуының психологиялық-физиологиялық мониторингі нұсқасында қадағаланып, оның портфолиосында тіркеледі.

Жүйелі-әрекетті нәтижелер білім алушының пәнді олимпиадалар, таңдауы бойынша курстар бойынша жетістіктері, оқу шығармашылық жобаларын орындауы, сонымен қатар зерттеуші қызметінің басқа да түрлері бойынша анықталып, оның портфолиосында тіркеледі.

Пәндік нәтижелер білім алушының орта білімнің базалық мазмұнын меңгеру бойынша білімділік және іс-әрекеттік дайындығында көрініс табады.

МШ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда жоғарыда аталған үш аспект қолданыс табады. 2013 жылғы 4 шілдедегі №258 Дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметтеріндегі үлгілік ережелерге сәйкес, көру, есту қабілеттерінің, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары білім беру процесін білімділік деңгейлерінің мынадай жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асыруда: мектепалды тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім.

Сонымен, көру, есту қабілеттерінің, сөйлеу тілі, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген балалар жалпы білім беру бағдарламаларын меңгереді және қалыпты дамыған құрбыларының нәтижелеріне сәйкес нәтижелерге жетеді. Оқушылар білім мазмұнын сол уақытта және қалыпты дамыған құрбыларымен бірге меңгереді.

Бірқатар балаларға бағдарламаны меңгеруде едәуір ұзақ мерзімдер қажет, бірақ нәтижесінде олар қалыпты дамуындағы балалар білімінің бастауыш, негізгі және орта деңгейлеріне сайма-сай келеді. Олардың жеке жетістіктері дамуындағы қалыпты құрдастары үшін қабылданған критерийлемен және көрсеткіштермен бағалану мүмкіндіктеріне ие болғаны маңызды.

Бұл жағдай олардың білім саласындағы тең құқықтары мен олардың орындауына жататын тең міндеттерін растайды. Осыған орай, олардың жетістіктерін бағалаудың негізгі мазмұны шектеулерін, яғни көру және есту

қабілетіндегі, сөйлеу тіліндегі, тірек-қимыл аппаратындағы, әлеуметтік-эмоционалдық аясындағы бұзылыстарын ескере отырып, қалыпты дамуындағы құрдастарына ұқсас болуы мүмкін. Бұл кезде көру қабілеті бұзылған балалардың Л.Брайль шрифті және/немесе жазық басылған шрифті менгеруі секілді өзіне тән (спецификалық) оқу дағдыларының қалыптасуын бағалау керек.

МШ бар балалардың жетістіктеріндегі тексеруге жататын көрсеткіштер олар үшін мәнді өмірлік құзыреттіліктермен толықтырылуы мүмкін, олар:

- өзінің мүмкіндіктері мен шектеулері туралы сай түсініктің қалыптасуы;
- ересектермен және айналадағы адамдармен қарым-қатынасқа түсу қабілеті;
- күнделікті тұрмысында әлеуметтік-тұрмыстық біліктердің болуы;
- байланысқа түсу дағдыларын және әлеуметтік өзара әрекеттесуде көпшілікпен қабылданған ресімдерін меңгеруі;
- әлеуметтік ортасын, ондағы өзінің орнын түсіну, жасына сәйкес құндылықтарды және әлеуметтік рөлдерді қабылдауы.

Балалардың белгілі бір топтары үшін олардың дамуындағы сапалы және санды сипаттамаларды көрсететін өмірлік құзыреттіліктерді бағалау критерийлері қажет.

Көру, есту қабілеттерінде, тірек-қимыл аппаратында күрделі бұзылыстары, психикалық дамуында тежелулері бар балалардың санатын да ескеру қажет.

Олардың жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелері бастауыш жалпы білім деңгейіне сәйкес келмейді. Ондай балалар жоғары сыныптардағы білімін бастауыш сатыға сабақтас бағдарламасына сәйкес бағдарлама бойынша жалғастыра алады.

Жетістіктерді формальды бағалауға балалардың бұл санаты жатпайды. Алайда, осы топтағы балалардың білім сапасына мониторинг міндетті болуы тиіс.

Осыған орай, МШ балалардың түрлі топтарындағы шынайы жетістіктер туралы объективті қорытындыларды жасауға мүмкіндік беретін критерийлер, көрсеткіштер және индикаторлар жүйесінің нақты тізбегі болатындай бағалаудың жүйесін түзу маңызды.

Бағалау критерийлері дамуындағы түрлі бұзылыстары бар білім алушылар үшін бірыңғай, ал оның жеке көрсеткіштері ерекшеленуі де мүмкін.

Балалардың әр түрлі санатындағы білім алушылардың арасында дамуындағы ауыр және көптүрлі бұзылыстарымен де балалар бар, олар үшін білім алу жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жеке білімділік бағдарламалары бойынша оқытуды көздейді.

Осылайша, жеке білімділік бағдарламалары бойынша білім алып жүрген мектеп оқушыларына жүргізілетін психологиялық-педагогикалық зерделеу олардың білім беру мазмұнын игеруіндегі жетістіктерінің мониторингісінде маңызды құрал болып шығады.

Зерделеу нәтижелерін тіркеу ыңғайлы, салыстырмалы түрде қарапайым болып, педагогпен балалармен өзара әрекеттесуге үлкен пайдасымен жұмсалуда

жататын күш пен уақыттың үлкен шығынын талап етпеуі тиіс.

Дамуында ауыр және көптүрлі бұзылыстары бар білім алушылардың дамуындағы өзіне тән ерекшелігіне байланысты психологиялық-педагогикалық зерделеуді өткізудегі және олардың білім беру процесіндегі жетістіктеріне мониторингті орындаудың негізгі әдісі ретінде бақылау аталады.

Бағдарламамен білім берудің сәйкес сатысында қарастырылған білім алушылардың жетістіктерін бағалаудан басқа, МШ бар балалардың білімділік нәтижелерін білім беру ұйымының өзінде бағалау «портфолио» технологиясының – мектеп оқушысының білім алу уақытындағы жеке дамуының процесін көрсететін жеке жетістіктерінің топтамасының көмегімен орындауға болады. Портфолиоға міндетті түрде МШ бар баланың қалыпты дамуындағы құрдастарына қолданымды ресімдер бойынша өткен, соның жетістіктерін сырттай және іштеу бағалаудың нәтижелері, соның ішінде тест және бақылау жұмыстарын орындау нәтижелері енуі тиіс.

Портфолионың мазмұны негізінде мектеп оқушысының оқу, шығармашылық, коммуникативтік қабілеттері туралы пікір алуға болады. Портфолио мектеп оқушысы оқуының белгілі кезеңіндегі жеке жетістіктерін тіркеудің, жинақтаудың және бағалаудың амалы ретінде шығады. Бұл әсіресе білім алушының түбегейлі құзыреттіліктерін жүйелі қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін мәнді. Бұл нақты білімділік нәтижелердің бейнесін көріп, кең білімділік мәнмәтінінде жеке ілгері басуын қадағалауды қамтамасыз етуге, оның алған білімдерін іс жүзінде қолдану қабілеттерін танытуға мүмкіндік беретін өз бетінше бір есептілік.

Портфолио жинақталып отырған тәжірибені, білімдерді жүйелендіруге, өз дамуының бағыттарын нақты анықтауға (мысалы, келешек кәсібінде), мұғалімдердің немесе нақты саладағы едәуір білікті мамандардың тарапынан көмек көрсетуге немесе консультация беруге, сонымен қатар өз деңгейін (оқу немесе кәсіби) едәуір объективті бағалауды іске асыруға арналған [6], 4-кесте.

МШ оқушылардың білімдерін және икемдерін бағалауға жалпы көзқарас тұтас алғанда, бірақ арнайы шарттарды сақтаумен оның дәстүрлі түрін ұсынады:

1. МШ бар балалардың білімділік қажеттіліктерін және жеке ерекшеліктерін ескерумен, БИД (білімдерді, икемдерді және дағдыларды) тексеруді ұйымдастырудың ерекше нұсқасын.

2. Сыныптағы әдеттегі ахуалдың болуы (өз мұғалімінің болуы, білім алушыға әдетті көрнекі, есту тіректерінің орын алуын: сызбалардың, аудиодыбыстардың, тапсырманы орындаудағы жалпы барысы үлгілерінің).

3. Жұмыстың басында қызметті жалпы ұйымдастыру кезеңінің орын алуын.

4. Нұсқаулықтың МШ оқушылардың ерекше білімділік қажеттіліктері мен жеке қиындықтарын ескерумен бейімдеу:

1) өзінің грамматикалық және семантикалық ресімделуі бойынша ойды қарапайым, түсінікті ету;

2) тапсырманың кезеңімен (қадамдармен) орындалуына түрткі болатындай, көпбуынды нұсқаулықты бірнеше қысқа мағыналық бірліктерге

бөліп, қарапайым ету;

3) тапсырмаға берілетін жазбаша нұсқауға қосымша, қажеттігіне қарай, ол педагогпен ауызша дыбыстап, баяу ырғағымен, анық мазмұндық екпінмен оқылады.

4-кесте – Жетістіктер портфолиосын түзу

Құжаттардың портфолиосы	Жұмыстардың портфолиосы	Сын-пікірлердің портфолиосы
Сертификатталған (құжатталған) жеке білімділік жетістіктер – олимпиадаларға, байқауларға және басқа да іс-шараларға қатысуы туралы құжаттар (мақтау қағаздары, дипломдар, сертификаттар, куәліктер, аттестатқа қосымшалар және т.б.)	Оқушының шығармашылық, зерттеушілік және жоба жұмыстарының жинағы, оның оқу және шығармашылық белсенділігінің негізгі формалары мен бағыттары. Жұмыстардың портфолиосы жұмыстардың өздерін (мәтіндерді, қағаз және электронды құжаттарды бейнетаспаларды және т.б.)тіркеумен, шығармашылық кітап түрінде ресімделеді	Мұғалімдермен, ата-аналармен және т.б. мектеп оқушысына ұсынылған түрлі қызметтерге қатысына берілген сипаттамасы, сонымен қатар мектеп оқушысының өзінің өз қызметіне және оның нәтижелеріне қатысына жазбаша берген талдамасы (қорытындыларды, түйіндемелердің, сын-пікірлердің мәтіндері, ұсыным хаттары және өзгесі)
Портфолио материалдарын санды және сапалы бағалау	Берілген параметрлер бойынша сапалы бағалау (материалдардың толымдығы, түрлілігі, сенімділігі, таңдаған кәсібіне бағдарлануы, оқу және шығармашылық белсенділігінің динамикасы, қызығушылықтарының мақсаттылығы, бейіналды дайындығындағы сипаты)	Оқушының оқумен және кәсіби бағдарын таңдаумен байланысты процестерді саналы ұғыну дәрежесін арттыратын өз бетінше бағалауы

5. Тапсырманың мәтінін қажеттігіне қарай, МШ бар білім алушылардың білімділік қажеттіліктеріне және жеке қиындықтарын ескерумен бейімдеу (ірілеу шрифт, бір тапсырманы екіншісінен анық бөліп ажырату және т.б.).

6. Қажетіне қарай саралап көмек ұсыну: ынталандырушы (мақұлдау, эмоциямен қолдау көрсету), ұйымдастырушы (зейінін аудару, жұмысты

орындауға басты назарды шоғырландыру, өздігінен тексеру қажеттілігін ескерту), бағыттаушы (тапсырмаға берілетін нұсқауды қайталау және түсіндіру).

7. Тапсырманы орындау уақытын созу.

8. Баланың жүріс-тұрысында шаршау, зорығу белгілерінің білінуінде, 10-15 минуттық қысқа үзілісті ұйымдастыру мүмкіндігі.

9. Педагог тарапынан теріс реакцияның көріністеріне, баланың эмоционалдық зақым алуына жетелейтін жағдайдың туындауына жол бермеу.

МШ оқушылардың ерекше білімділік қажеттіліктерін ескеру бағалаудың арнайы және мұқият шкаласын енгізуді көздейді. Ондай шкалалар баланың бағдарламаны меңгеруі барысындағы белсенділігінің дамуындағы және ілгері басуындағы елеусіз болса да қадамдардың анықталуы мен бағалануы, оқытудың меншікті түзету әсерін бағалау және білімдердің, икемдердің және дағдылардың қалыптастырылуын жалғастырудағы жоспарды икемді жеке түзету мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет.

4 Ақыл-ойында бұзылулары бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі

Зерде бұзылыстары бар (ақыл-ойы кем) оқушылар, танымдық қызметіндегі айтарлықтай шектеулері болуы салдарынан, МЖМБС талаптарын орындауға бағдарланбаған арнаулы оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес білім алады. Соңғы 10 жылда зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердегі оқушылар контингентінде ақыл-ойында айқын білінген балалардың білімге қол жеткізу мүмкіндігіне ие болуына байланысты, психологиялық-физикалық және зерде дамуының ауырлауы жағына өзгеріс бетбұрысы байқалуда. Бұл жағдай білімді әлемдік практикада орын алып отырған құбылысқа ұқсас, жеке беруді және білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды-сипаттаумен бағалауға өтуді күшейтіп өзекті болып отыр.

Танымдық қызметінің және тұтас жеке тұлғасының анық жетілмеуі себебімен зерде бұзылыстары бар оқушылар оқу процесінде айтарлықтай қиыншылық көруде. Әлеуметтік ұйымдастырылған оқу мен тәрбие әсерімен балалар дамиды, белгілі білімдерді, икемдерді, дағдыларды алады, бірақ оқудағы осындай ілгері басқан қадамдар түрлі оқушыларда бірдей бола бермейді. ақыл-ойы кем балаларды оқыту мүмкіндіктерінің түрлілігі даму бұзылысындағы тереңдігіне және таралуына байланысты [7].

КСРО Педагогикалық ғылымдар Академиясы дефектологияның ғылыми-зерттеушілік институты қызметкерлерінің В.В. Воронкова [8] жетекшілігімен жүргізген көпжылдық зерттеулері арнайы оқу бағдарламалары материалдарын меңгеруде байқалатын зерде бұзылыстары бар балалардың типологиялық ерекшеліктерін және алынатын білімдердің, икемдердің және дағдылардың сапасына әсерін тигізетін спецификалық (өзіне тән, ерекше) қиыншылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, авторлармен мектеп оқушыларын 4 типологиялық топтарға үйлестіретін оқушылардың білім алу мүмкіндіктері бойынша оқушылардың педагогикалық жіктемесі жасалды.

Бірінші типологиялық топты жаппай оқу процесінде бағдарламалық материалды анағұрлым сәтті меңгеретін оқушылар құрайды. Олар оқу материалын өз бетінше орындауға қабілетті, өзгерген тапсырманы орындауда үлкен қиыншылық көрмейді, жаңа жұмысты орындау барысында бар тәжірибесін негізінде дұрыс қолданады. Бұл балалар есептеу тәсілдерін, есептерді шығару амалдарын, жылдам есінде сақтап, пәндік көрнекілікті сирек қажет етеді. Әдетте оларға белгілі бақылауға, құбылысқа сөзбен ауызша сілтегеннің өзі жеткілікті. Олардың алған білімдерінің жеткілікті дәрежеде берік және икемді болуын атауға болады. Бұл мектеп оқушылары сөз өрбітудің кері жүрісін игеруге қабілетті. Олардың сөз саптау қолданысында сөйлемдер қалыптасқан, олар өз әрекеттерін еркін түсіндіреді, келешек жұмысын жоспарлай алады, тапсырма орындауға қабілетті.

Екінші типологиялық топтағы оқушылар да сыныпта білім алуында жеткілікті дәрежеде табысты. Олар мұғалімнің жаппай түсіндіруі негізінде

ұғынады, зерделеніп отырған материалды есте сақтауы нашар емес, бірақ педагог көмегінсіз қарапайым қорытындылар мен жинақтауларды жасауға қабілетсіз. Оларды жұмыстардың барлығын орындауда едәуір кем дербестігі ажыратады, олар мұғалімнің белсендіруші болса да, ұйыдастырушы болса да көмегінде мұқтаж. Бұл оқушылар оларға хабарланып отырған құбылыстар, заттар, оқиғаларды көзіне елестете алмайды. Олар зерделеніп отырған объектілердің, құбылыстардың, заңдылықтардың бақылауын тікелей ұйымдастыруды қажетсінеді. Сөзбен ауызша жеткізген мәліметтер әрдайым тиесілі түсініктерін тудыра бермейді. Бұл балалар бірінші топтағы оқушыларға қарағанда, жұмыс амалдарын, оқу әрекеттерінің алгоритмдерін едәуір баяу меңгереді.

Үшінші типологиялық топқа түрлі көмекте мұқтаждығын білдіріп, бағдарламалық материалды қиналып меңгеретін оқушылар жатады. Бұл оқушыларға жаңадан беріліп отырған материалды жеткіліксіз ұғыну тән. Оларға бастысын анықтау, бөлімдердің қисынды байланысын белгілеу, екінші дәрежедегі ойды бөлу қиынға соғады. Жаппай сабақтарда оларға материалды түсінуде қиналып, қосымша түсіндіруді қажетсінеді. Оларды дербестігінің төмен дәрежесі ерекшелендіреді. Пәндік-практикалық қызметтің ұйымдастырылуы, көрнекі құралдардың қолданылуы оларда толыққанды білімдердің қалыптасуына кепілдік бере алмайды. Байланыстарды, себепті-салдар тәуелділіктерді олар ұғынбайды. Олар жеке фактілерді, тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарды, берілетін ұсыныстарды есте сақтайды, бірақ есте сақтау тиесілі ұғынусыз өтетіндіктен, балалар ойлы және шынайы әрекеттердің кезектестігін бұзып, зерделеніп отырған фактілердің елеулі және елеусіз белгілерін шатастырады. Үшінші типологиялық топтағы оқушылар сөйлемді саптап, байланысқан сөзді меңгеруде үлкен қиыншылық көреді, олардың сөздік қоры өте кем, терминологияны меңгеру тым баяу. Осы мектеп оқушыларын оқыту тек мұғалім оларды үнемі пәндік-практикалық әрекеттерге үйретіп, орындалып отырған шынайы әрекеттердің, орын алып отырған өзгерістердің мәнін, мағынасын түсінікті түрде жеткізіп отырғанында ғана табысты өте алады.

Төртінші типологиялық топқа оқу материалын үлкен қиыншылықпен меңгеретін оқушылар жатады. Бұл кезде оларға тек жаппай оқыту түрі жеткіліксіз. Олар жаттығулардың үлкен санын орындауды, оқытудың қосымша әдістерін енгізуді, жұмыстарды орындау барысында ұдайы қадағалауды және көмек сөзді қажетсінеді. Дербестіктің әлдебір үлесімен қорытынды жасау, өткен тәжірибесін қолдану оларға қолжетімсіз. Тікелей көмек сөзімен берілген көмекті бір оқушылар дұрыс қолданады, ал біреулері бұл шарттармен қателік жол береді. Бұл оқушылар өзінің жұмыстағы қателерін көрмейді, ол үшін оларға осы қателерді нақты көрсетіп, оларды түзетуге түсініктеме беру қажет. Әрбір келесі тапсырманы олар жаңа нәрсе ретінде қабылдайды. Білімдер механикалық түрде меңгеріліп, тез ұмытылады. Төртінші типологиялық топтағы балалар үшін, әдеттегідей, әр оқу пәні бойынша оқудың жеке бағдарламасы түзіледі.

Сонымен, барлық жоғарыда аталған типологиялық топтардағы

оқушыларды құрай алатын сыныптағы күнделікті жұмыста педагогпен оқытудың түрлі мақсаттары белгіленіп, іске асырылады, оқытуда саралау және жеке ықпал орын алады. Түрлі мақсаттарға сәйкес, оқушылардың жетістіктерін қадағалау және бағалау орындалуы тиіс, олар жалпы бағалау нормаларына негізделі алмайды. Баға оқушының ілгері басуының дәрежесін ескеріп, оның оқуының және дамуының процесін белсендендіріп, тәрбиелік және түзете-дамыту міндеттерін орындауы керек.

Педагог белгілі тақырып аясындағы оқу материалын зерделеудің түрлі типологиялық топтардағы оқушыларда бірдей бола бермейтінін түсініп, оған дайын болады. Ақыл-ойы кенжелеп қалған мектеп оқушыларының жетістіктерін бағалау білім беру процесінің ажырамас бөлігі бола тұра, шынайы оқу жағдайына және оқушылардың мүмкіндіктеріне сайма-сай болуы тиіс. Педагогке әр типологиялық топтағы оқушылардың ерекше білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, қол жеткізген білімділік нәтижелері туралы ақпарат үнемі қажет.

Оқушының ағымдағы қиыншылықтарын оған атаулы педагогикалық қолдауды көрсету мақсатымен анықтау дефектолог-педагогтің ең маңызды қызметі, ол бағалау жүйесінің көмегімен орындалып отыруы қажет. Бағалау қызметі барысында алынатын ақпараттың негізінде мұғалім оқу процесін саналы басқаруға мүмкіндік алады. Бағалаудың бес балдық жүйесі осы міндетті шешуге үміткер де бола алмайды, себебі бағада төмен немесе жоғары балдың құрамында не болатыны туралы қандай да бір конструктивтік (сындарлы) ақпарат жоқ. Онысымен педагог те, оқушы да оқудың ең жақын кезеңінде қандай бағытта жұмыс жүргізу қажеттігін көру мүмкіндігінен айырылған. Ақыл-ойы кем оқушылардың қойылатын бағалардың салыстырмалы сипаттағы шарттылығын түсінуі қиын.

Осылайша ақыл-ойы кем оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі жүйесі оқушыларға саралау және жеке ықпал негізінде арнайы мектепте іске асырылып отырған тұтастықтағы білімділік процесімен қарама-қайшылықта екені анық. Ол субъективті (себебі бағалаудың бірыңғай параметрлері жоқ), ақпаратты емес, сол себептен келесілерге жол бермейді:

- мектеп оқшыларын оқыту сапасы, оның ішінде түзете-дамыту жұмысының және балалардың әлеуметтегі дербес, тәуелсіз өмірі үшін дайындығы туралы пікір білдіруге;

- жеке қажеттіліктерін ескеріп, әр оқушының дамуындағы және оқуындағы жеке траекториясын анықтауға;

- арнайы мектеп бітірушісінің жұмыс кәсіптерінің біреуі бойынша біліктілік алуы үшін білімін жалғастыруға мүмкіндігі туралы объективті пікір алуға;

- оқу процесінің сапасын, бір бөлігінде мүгедектігі бар балалардың өмір сапасын жетілдіруге.

Зерде бұзылыстары бар оқушылар білім алуда қаншалықты табысты ілгері басып отырғанын анық түсіне бермейді. Олар өз білімдері мен икемдерін тиесілі сыни көзқараспен бағаламайды, материалды түсіну, есте сақтау деңгейі туралы объективті пікір айта алмайды. Мұғалім балаларға білімдер мен

икемдердің сапасын бағалаудың анық, оларға түсінікті критерийлерін беріп, әр оқушыға онымен оқу материалының меңгерілген деңгейін көрсетіп отырғаны маңызды. Оқушылардың сабақ барысында ілгері басуын бақылап, оларға өзінің жазбаша жұмыстарының нәтижелерін хабарлап, ауызша жұмыстарын, практикалық жұмыстарын бағалап отырып, мұғалім оқушыларда өзінің сәттіліктеріне және сәтсіздіктеріне өз бетінше сайма-сай баға беруге дағдыларын тәрбиелеп, оларға дұрыс көзқараспен қарап, өз мүмкіндіктері туралы пікір білдіруге үйретеді. Оқушылардың оқуда жеткен нәтижелеріне сайма-сай қатынасын қалыптастырып отырып, мұғалім оларда еңбекқорлықты, қиыншылықтан асуға ынтасы мен икемдерін дамытады.

Бағалау жүйесі, сонымен қатар, білім беру процесінде оқушы мен ата-аналар арасындағы өзара байланысын және өзара әрекеттесуін жүзеге асырудың құралы тұрғысында да, тұтас педагогикалық процестің сәтті қызметі туралы ақпарат алу құралы тұрғысынан да қарастырылады. Оқушылар жетістіктерін критериалды-сипатталған бағасы мектептен кейінгі білім немесе жұмысқа орналасуға қатысы бар өмірлік маңызы айтарлықтай шешім қабылдау үшін, ата-аналарды өзінің ұлы немесе қызының шынайы мүмкіндіктері мен жетістіктері туралы сенімді ақпаратпен қаруландырады. Оқушылардың оқу жетістіктерге берілетін нақты критериалды-сипаттау бағаның деректеріне жүргізілген талдау мектеп әкімшілігі үшін басқарушылық шешім қабылдауда негіздеме бола алады.

Зерде бұзылыстары бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі келесідей көзқарастарға негізделген:

– тұлғалық-бағдарлы көзқарас, оның құрамына түрлі типологиялық топтардағы оқушылардың оқу материалын оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік критерийлерін қолданумен меңгеруіндегі мүмкіндіктерінің біртектілігін ескеру кіреді;

– әрекетті көзқарас балаларға түрлі қолжетімді өнімді қызмет түрлеріндегі мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтауды көздейді;

– денсаулық сақтаушы көзқарас, ол бағалау жағдайында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру арқылы оқушылардың психологиялық-соматикалық денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

ҚР «Білім туралы» Заңының 28-бабына сәйкес білім алушылармен білімділік бағдарламасының меңгерілуін қадағалау мақсатымен, оқу орындары оқушылар үлгеріміне ағымды бақылауды және аралық аттестаттауды (ішкі бағалау) өткізеді. Оқу орны оқушылардың үлгеріміне ағымды бақылауды және аралық аттестаттауды өткізу нұсқаларын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес. Ішкі бағалаудың мақсаты - оқушылардың шынайы жетістіктерінің бағдарламалық мазмұнға және түрлі типологиялық топтардағы оқушылардың мүмкіндіктері мен операциялдық-қалыптастырылған деңгейлік мақсаттарына сай оқудағы күтілетін нәтижелерге сәйкестігін орнату. Ішкі бағалау аталған педагогикалық диагностика деректерінің негізінде жоспарлы білімділік нәтижелерінің қол жеткізгеніне жүйелі бақылауды қамтамасыз етеді.

Педагогикалық диагностика – қызметтің ерекше түрі, оқу процесінің

жағдайы мен нәтижелерін зерделеуді білдіріп, оның негізінде білім беру процесінің сапасын арттыру мақсатымен, оны түзетуге мүмкіндік береді. Диагностикалауға бақылау, тексеру, бағалау, деректерді жинақтау, оларды талдау енеді; нәтижелерге жету амалы арқылы қарастырады; дидактикалық процестің бетбұрыстары мен динамикасын көрсетеді. Диагностикалауға оқушылардың білім деңгейі, әлеуметтік және психологиялық даму дәрежесі жатады, бұл оқу-тәрбие процесінің үш функциясына сәйкес келеді: білімділік, тәрбиелік және дамытушылық.

Бақылау материалдарының мазмұны түрлі типологиялық топтардың ақыл-ойы кем оқушылардың мүмкіндіктерін ескеретін деңгейлік мақсат белгілеумен анықталады.

Оқу бағдарламаларының меңгерілу нәтижелерін ішкі бағалау білім беру барысында тікелей мұғаліммен сабақ үстінде жүргізіледі. Ол ағымды (сабақ сайын), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде көрініс береді.

Ағымды бақылауға жататындар: оқушылардың сабақтағы қызметін жүйелі бақылау, практикалық және өзіндік жұмыстарды, қызметтің ұжымдық түрлерін талдау. Сабақ сайын жүргізілетін бақылауды түрлі типологиялық топтардағы оқушылардың танымдық және оқу қызметінің процесін түзеу үшін өткізіледі. Бақылаудың ондай түрі сонымен бірге, белсендендіруші және тәрбиелік сипатына ие.

Мерзімді бақылау бағдарламалық тақырыпты, тарауды зерделеп болған соң өткізіледі. Тақырыптық бақылау оқушылардың белгілі тақырыпты (тақырыптарды) меңгеруін тексеру және бағалау мақсатымен өткізіледі. Тақырыптық бақылауды жүргізіп отырғанда, оқушылардың жетістіктері жеке элементтер бойынша емес (сабақ сайын жүргізілетін бақылауға ұқсатып), тұтас оқу тақырыбының (тақырыптарының) құрылымы мен мазмұнына сәйкес келетін оның тұтас қисынды жүйесінде бағаланады.

Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың соңында өткізіледі. Оның нәтижелері оқушының табыстылығының жалғыз көрсеткіші ретінде қарастырылмайды. Педагогпен сыныптағы оқушының оқу жылы бойында бақылауда жүрген дамуына және табыстылығына талдау жүргізіліп, сипаттамасы мінетті түрде беріледі.

Бақылаудың негізгі түрлері ауызша, жазбаша, практикалық нұсқаларында және олардың үйлесімділігінде орындалады. Бақылау нұсқаларының таңдалуы оқу пәнінің мазмұнына және өзіне тән ерекшелігіне, ақыл-ойы кенжелеп қалған оқушылардың типологиялық және жеке ерекшеліктеріне тәуелді. Бақылауды іске асыру үшін бақылаудың ауызша, жазбаша және практикалық нұсқалары немесе олардың үйлесімділігі білім беру процесінің сапасы және оқушылардың оқу қызметіндегі нәтижелер туралы анағұрлым объективті ақпарат беруге қабілетті болатын әдістер мен құралдар қолданылады. Олардың қатарында аталатындары: ауызша және жазбаша тапсырмалар, оқушылардың практикалық қызметі, жағдаяттық есептер. Тестердің қызмет түрі ретінде оқушыларда бар дағдыларды іске асыруды қиынға түсіретін икемді ой қызметін білдіруді талап ететіндей, шартты болуына байланысты, оларды қолдануға ұсыныс жасалмайды.

Бақылаудың аталған түрлерінің көмегімен педагогтің алатын барлық мәліметтері сәйкес құжаттамаларда тіркеліп, талдауға түсуі керек:

- сабақ сайын бақылау кезеңінде, педагогтің алған нәтижелері сабақтың ақпараттық картасында тіркеледі;

- тақырыптық бақылау кезеңінде, оқу жетістіктерінің тақырыптық карталары толтырылады;

- оқу жылы аяқталысымен оқушының жетістіктері пәндер бойынша оқу жетістіктерінің жинақты карталарында тіркеледі. Оқушының әлеуметтену нәтижелері Даму бейіндерінде (немесе қызметтік), портфолиода көрініс табады. Бағалау белгілі оқу кезеңінде оқушының оқу және өмірлік жағдайлардағы қызметіне жүргізілген бақылау барысында орындалады.

Зерде бұзылыстары бар оқушылардың оқу материалын меңгерудегі жыл соңындағы кез-келген жетістіктері, ең елеусіздері де, оң деп қабылданады. Ақыл-ойы кем оқушылар екінші оқу жылына қалдырылмайды. Ақыл-ойы кем оқушылардың мектептегі оқуы қорытынды аттестаттаумен емес, еңбекке баулу боуынша емтиханымен аяқталады. Білім алушылар бітіруші емтихандарынан белгіленген тәртіпте босатылуы мүмкін.

Осылайша, ақыл-ойы кем мектеп оқушыларын оқытудағы саралау, деңгейлеу көзқарастары, педагогикалық саралауға сәйкес, тұтастықтағы білім беру процесінің барлық кезеңдерінде, оқушылар жетістіктерін бағалау кезеңін қоса іске асырылуы тиіс. Қарастырылып отырған санаттағы балалардың даму деңгейіне сайма-сай келетін, өздігінен баланың дағдылары мен икемдері аясындағы табыстарына қатысты деп педагогикалық есептілікті білдіретін сипаттаушы баға болып табылады. Оның мінездемемен де (икемдердің деңгейін сипаттайды), ұсыныс затпен де (бақылаудағы өзгерістердің саны мен сапасы туралы пікірі бар) ұқсастықтары көп болғанымен, олардың қатарына жатпайды. Сипаттаушы бағаға берілген осы анықтамадан оның негізгі – диагностикалық функциясы бастама алады. Бұл кезде айқын ақыл-ойы кемістігі бар баланың ата-анасы үшін баланың дамуы мен жетістіктері туралы осындай жазбаша ақпарат болып табылатын сипаттаушы баға, баланың мектептегі қызметінің мазмұны туралы ақпарат беретін жалғыз құжат болады. Сипаттаушы бағаның негізінде ата-аналар баланың мектептегі қызметтің барлық түрлеріне қосылатынын, оқу үлгерімі ең төмен оқушымен де жұмыс жасап, нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болатынын көруі тиіс. Ата-аналарда осы жұмысқа қосылу ынтасын ояту қажет. Сипаттаушы баға ақыл-ойы кенжелеп қалған оқушының ата-анасына қатысты оқу-терапевтикалық қызметін атқарады. Сипаттаушы баға:

- белгілі уақыт кезеңіндегі оқушының жұмысына қорытынды шығарады;

- алдында сипатталған деңгеймен салыстырып, жеткен деңгейдің сипаттамасын береді (яғни, өзгерістердің динамикасын сипаттайды: оң, теріс немесе оның жоқтығы);

- оң баға боулы тиіс, бұл жағдайда өз баласының бейнесі туралы жалған пікірде қалмауы үшін, оқушыны объективті бағалайды;

- жалпылама немесе сұлбалы сипатта болмай, нақты және жеке болуы тиіс.

5 Ақыл-ойында бұзылулары бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Баға тұтас педагогикалық процестің құрамдасы болып табылады және оны тек осындай мәнмәтінінде қарастыру қажет. Баға оқушылармен оқу процесінің сапасын арттыру мақсатымен анағұрлым ұтымды әдістерді таңдау үшін қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді. «Мектеп оқушыларының білімі сапалы болып саналады, егер оның нәтижелері оқушының әлеуетті даму аумағына бағдарланған операциялдық-мәнді мақсаттарға сәйкес келсе» [9]. Зерде бұзылыстары бар оқушылардың әлеуеті үлкен вариативтілікпен сипатталады, оған алдында келтірілген төрт типологиялық топтың сипаттамасы дәлел. Сондықтан қарастырылып отырған санаттағы балалардың оқылып отырған оқу процесі деңгейлердің кез-келгенінде білімділік нәтижеге ие болу үшін деңгейлік мақсат белгілеу негізінде түзілуі тиіс.

Ақыл-ойы кем оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негізі ретінде Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының арнаулы мектеп зертханасында әзірленген оқу пәні шеңберіндегі оқу процесін жобалаудың технологиясы шығады, ол осы уақытта елдегі арнаулы мектептердің жұмыс тәжірибесіне енгізіліп отыр [10].

Педагогикалық жобалау дегеніміз – бұл өзінің мақсаты қатарында мұғалім мен оқушының жоспарланған білімділік нәтижеге жеткізетін түбегейлі ерекше қызметтерін ұсынуды өзінің міндеті ететін педагогикалық процестің сипаттамасына көзқарас. Жоба дегеніміз – бұл оның келесідей барлық құрамдастарының мазмұнын ашатын педагогикалық процестің болжамды үлгісі, олар:

- мақсаттар;
- оқу мазмұны;
- педагогтің қызметі;
- оқушылардың қызметі;
- педагогикалық диагностика;
- жетістіктерді бағалау.

Оқу процесі жобалау кезеңдерімен: алдымен оқу курсының деңгейінде, кейін оқу тақырыбы деңгейінде және соңында, сабақ деңгейінде орындалады.

Пән бойынша оқу процесінің жобасын түзудің бастауыш сәті мақсат белгілеу немесе оқу бағдарламасының әрбір кезеңі үшін оқу мақсаттарын анықтау болып табылады. Бұл кезеңде педагог оқудағы шағын мақсаттарын түрлендіріп отырып, бағдарламаның мазмұнымен жұмыс жасайды. Технологиялық көзқарасында мақсаттың операциялдық белгіленуі қолданылады, ол кезде оқушылардың игеруіне жататын білімдер мен икемдер (оқушылар сырттай білінген қызметі арқылы) көрсетіледі. Мақсаттың осылайша көрініс табуы нақты, диагностикалық талапқа сай, одан оған жетудің тексеру амалы түсінікті. Ақыл-ойы кем оқушылардың оқу процесінде бірдей оқу жетістіктерін күту мүмкін болмағандықтан, мақсаттар оқу материалын меңгеру деңгейлеріне сәйкес белгіленеді. Бұл оқу процесінде оқушыларға

саралап және деңгейлеп келуді орындауға жол ашады.

Деңгейлеп мақсат белгілеу негізі ретінде Б. Блумның оқу мақсаттарының таксономиясын алуға болады. Ақыл-ойы кем оқушыларға қатысты алдыңғы үш деңгей қолданымды: «тану», «түсіну», «қолдану». Бұл деңгейлер ақыл-ойы кенжелеп қалған балаларды оқытуда қолданылатын әдіснамалық көзқарастармен үндесіп отыр, олар П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезеңімен қалыптастыру теориясына негізделген [11]. Осы теорияға сәйкес жаңа түсінікті енгізудің алғашқы кезеңінде (жаңа материалды зерделеудің) орындалып отырған әрекеттерді дауыстап ауызша сөзбен ілестірумен (дыбыстаумен) ілесетін пәндік-практикалық қызмет жайып көрсетіледі. Оқушылар сабақта мұғалім соңынан көрсетіліп отырған әрекеттерді қайталап отырып жұмыс жасайды. Бұл кезеңде түсініктер, терминдер жаңа сөздер оқушылардың пассив сөздігіне қосылады. Келесі кезеңдерінде. П.Я. Гальпериннің теориясына сәйкес, пәндік қызмет бара-бара қысқарып, сырттай сөз ішкі жоспарға ауысады. Бұл кезеңде түсініктер, терминдер, жаңа сөздер оқушылардың белсенді өзіндік сөз қорына аударылып, шыңдалады.

Бара-бара оқушыларда әрекеттер мен түсініктердің бейнесі қалыптасады.

Сонымен, оқу мақсаттарының бірінші санатына «тану» шығады. Бұл танудың бастапқы кезеңі. Осы кезеңде оқушы ұғымдарды (зерделеу объектілерін) тану, танып білу және ажырату.

Оқу мақсаттарының келесі санаты «түсіну» деңгейі – ол зерделеніп отырған материалдың ішкі байланыстарын ұғыну, терминдерді, ережелерді және белгілерді қолдануды көздейді.

«Қолдану» - бұл оқу материалын меңгерудегі келесі қадам, ол меңгерілген түсініктердің, ережелердің, қағидағтардың ұқсас оқу жағдайындағы дұрыс қолданысын көздейді.

Мұғаліммен орындалған оқу пәнінің бағдарламалық мазмұны мен оған сәйкес мақсатты тұжырымдау (күтілетін нәтижелер түрінде) кестеде құрылымдалып, оқу процесі жобасының бірінші құжаты болып табылады. 5-кестеде математика курсына арналған «6-10 сандардың белгіленуі» тарауы бойынша мақсатты тұжырымдау үзіндісі көрсетілген. Зерде бұзылыстары бар оқушылар үшін математика бойынша бағдарлама шоғырлану қағидаты негізінде құрылғандықтан мақсатты тұжырымдауға өтілген материалдың жаңа материалды меңгеру жүйесіне қалай қосылғанын байқауға болады.

Мақсаттарды анықтап алған соң, оқу курсының қисынды сұлбасы түзіледі, атап айтқанда, оқу пәнінің жетекші мазмұндық желілері және олардың оқушылармен зерделену реттілігі бөліп көрсетіледі. Оқу курсының қисынды құрылымы күнтізбелік жоспарда көрсетіледі. Зерде бұзылыстары бар оқушылардың оқу материалын меңгеруі түрлі ырғақпен өтетіндіктен, әр тақырыпты зерделеу үшін қажет уақытты анықтауды тек балалармен жұмыс жасап жүрген мұғалім ғана жасай алады. Мұғалім күнтізбелік жоспарды орындау барысында оған түзетулерді енгізуге құқылы, егер ондай қажеттілік туындап отырса. Жобада ұсынылып отырған күнтізбелік жоспарлау формасы өзгерістерді және олардың негіздемелерін тіркеуге арналған сәйкес бағаналарды құрайды. Сонымен, күнтізбелік жоспар – бұл екінші құжаттама.

Оқу курсы деңгейінде жобалау осымен аяқталды.

Жобалау бұдан әрі тақырып деңгейінде жүреді. Деңгейлеп мақсатты тұжырымдауға сәйкес, күнтізбелік тақырыптағы әрбір тақырып аясында оқу процесінің стратегиясы мен тактикасы анықталады. Оқу және білімділік қызметі пысықталады, анық әдіснамалық жүйе анықталады, ол жобаның үшінші құжаты – оқу тақырыбының технологиялық картасында тіркеледі.

Технологиялық картада мектеп оқушыларының оқу процесінің барлық ерекшеліктерін (мазмұндық және әдіснамалық) деңгейлік мақсаттарға бағынатын жұмыс кезеңдерін ескерумен көрсетуге мүмкіндік бар. Оқу барысында педагог оқушыны оқу материалын танудан, оны ұғынуға және келесіде білімдерін қолдануға ретімен жетелейді. Зерде бұзылыстары бар балалардың барлығы жоғарыда аталған оқу материалын меңгеру кезеңдерінен өтуге қабілетті бола бермейді. Мектеп оқушыларының біреулері тану кезеңінде қалып қояды, біреулері ұғыну кезеңіне өте алады, балалардың бір бөлігі пәндік білімдерін ұқсас жағдайда қолдануға қабілетті болады. Мақсатты деңгейлеп тұжырымдау мұғалімге мектеп оқушыларының таным процесін басқарып, ағымды бақылауды орындауға мүмкіндік береді, бұл кезде сыныптағы әр оқушыға жеке көзқараспен келу үшін жағдай жасалады.

Технологиялық картаның құрылымы зерде бұзылыстары бар мектеп оқушыларына әр оқу пәнін оқытуды ұйымдастыруға спецификалық қағидаттарды және арнайы талаптарды жүзеге асыру қажеттілігін ескереді. Мысалы: алдында зерделенгенді үздіксіз қайталап отыру, тілді және қатынасу дағдыларын дамыту, жаңа күрделі оқу материалын меңгеруге дайындық жұмысы («алға адымдау»), пәнішілік және пәнаралық байланыстарды орнату, практикалық қызмет және т.б. Технологиялық картада жабдықтың, дидактикалық құралдардың ең кіші жинағы тіркеледі. Осылайша, технологиялық карта оқушылардың оқу тақырыбы шеңберіндегі оқу қызметінің мақсаттарын, мазмұны, көлемі, түрлілігі туралы тұтас түсінік береді (6-кесте). Сонымен қатар мұғалім әр тақырыпты зерделеу үшін қажетті сабақ санын сыныптағы оқушылардың құрамын және оқу материалының көлемін ескерумен өз бетінше анықтауы тиіс. Сағаттардың осы саны тақырыптың технологиялық картасында және сәйкесінше күнтізбелік жоспарда тіркеледі.

Ақыл-ойы кем мектеп оқушыларының оқу процесі оқушылардың типологиялық және жеке ерекшеліктерін ескерумен, оқытудың сәйкес вариативтік амалдар мен тәсілдерді қолданумен жүреді.

Оқу материалын, сонымен бірге оны түрлі типологиялық топтағы оқушыларға жеткізу әдістерін, амалдарын, тәсілдерін жекелеп іріктеу балалардың білімдерді және икемдерді меңгеруі, оларда қалыптасқан дағдылары туралы мәліметтердің негізінде орындалуы керек. Ол үшін мұғалім өз оқушыларын үнемі зерделеп, олардың оқу жетістіктеріндегі динамиканы педагогикалық диагностика (бақылау) арқылы қадағалап отыруы тиіс.

Мақсат тұжырымдамасында тіркелген оқудың жоспарлы нәтижелері оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша сараланады. Оларға сәйкес әр оқу тақырыбы үшін бақылау өлшемдері әзірленеді. Өлшемдер ретінде зерделеу объектілерін танып білу, сипаттау, түсіндіру және түрлендіру бойынша пәндік,

белгі, сөзді, ой әрекеттері мен операциялары шығады. Оқу материалын танып білу және өңдеу, оны таныс және бейтаныс жағдайда меңгеру және қолдану оушылардың оқу міндеттерін орындау барысындағы танымдық дербестігінің дәрежесімен де сипатталады. Бұл факт басқалары секілді, бағалаудың бір критерийі болып табылып, білімділік нәтиже ретінде қадағаланып, тіркеледі. Әр тақырып үшін әзірленген қадағалаушы-диагностикалық материал күтілетін нәтижелердің деңгейлері бойынша әр оқу тақырыбы үшін реттеліп, оқу пәнінің әр тақырыбы үшін кесте түрінде көрсетіледі (7-кесте).

Оқу жетістіктеріне диагностика балалармен сабақтағы әдеттегідей жұмыс барысында, тақырыпты зерделеу аяқталған соң орындалады. Ол сабақта мұғалім оқу материалын қайталауды ұйымдастырады, содан кейін орындау амалдарына мектеп оқушыларының назарын аударып, қадағалаушы-диагностикалық тапсырмаларды ұсынады (дербестік дәрежесі) және балаға көрсетілген көмек түрлерін ескереді.

Осындай диагностика ықшам, жүйелі, уақыты бойынша қысқа болып табылады, бірақ ол мұғалімге оқу процесін түзеу үшін қажетті мәліметтерді береді.

Тақырыпты зерделеп болған соң, зияткерлік кемтарлығы бар оқушылардың жетістіктері бірдей болмайды. 1-типологиялық топтағы оқушылар дағдыларды өз бетінше игеруін, білімдерін ұқсас жағдайда қолдануын көрсетеді. 2-типологиялық топтағы оқушылар тақырыптың негізгі мазмұнының ұғынғанын көрсетеді. 3-типологиялық топтағы оқушылар тақырыптың тек жеке элементтерін түсінгенін көрсетіп, өз білімдерін белсендендіруде мұғалімнің көмегін қажетсінеді. 4-типологиялық топтағы оқушылар, әдеттегідей, өзге, едәуір жеңіл оқу материалын зерделейді, олардың жетістіктері мақсатты деңгейлік тұжырымдау негізінде соның шеңберінде анықталады. Оқушының кез-келген жетістіктері, қаншалықты елеусіз болса да, оң деп қарастырылады.

Мектеп оқушысының әр тақырып бойынша жеке нәтижелері оқу жетістіктерінің карталарында тіркеледі, оның оқушы деңгейіне сәйкес келетін бағанында (білім, ұғыну немесе қолдану) мұғалім көрсетілген нәтижені алу күнін қояды (8-кесте). Оқушы өзінің нәтижесін жақсартып алады, себебі оқу материалдарының көпшілігі шоғырланған құрылымына ие және зерделенген материал үнемі қайталанып, бекітіледі, онда осы жетістіктер картасында, бірақ оның басқа бағанында жана нәтижеге жету күні қойылады. Осындай карта оқушының оқу материалын меңгеруіндегі ілгері басу динамикасын, оның табыстылығының жеке траекториясын көрсететін болады.

Тұтас сыныптағы оқудың нәтижелілігі туралы түсінік алу үшін, оқушылардың анықталған жетістіктерін тіркеудің меншікті нұсқасын әзірлеп немесе жетістіктердің жеке картасын түрлендіріп алса да болады. Тұтас сыныптың Жетістіктер картасын толтырған соң, педагогте тану деңгейі бойынша қандай және қанша оқушыда жетістік барын, оқу материалын қанша оқушы түсінгенін және олардың қаншасы қарастырылып отырған тақырып аясындағы білімдерін қолдануға икемді екені туралы түсінік алады. Оқушылардың бөліп көрсетілген топтарына қатысты, педагог саралау

көзқарасымен келуді жоспарлап, оны орындайды.

Оқу тақырыбының аясында жеткен нәтижелерді есепке алу бойынша әзірленген нұсқа объективті, ыңғайлы, ақпаратты болып табылады, бұл оны мектеп оқушылардың білімін балдарды қойып бағалауға деген дәстүрлі көзқарастан түбінде ерекшеленеді. Ол тек баға функциясын ғана орындап қоймай, мұғалімге әр оқушымен жүргізілетін жұмыстардың ең жуық келешегін анықтауға бағдар береді. Бақылау тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша оқушының жеке білімділік бағытын түзіп алуға болады, ол оқуға жеке көзқараспен қамтамасыз етілуі тиіс.

Сонымен, оқу тақырыбы деңгейіндегі жобалау келесілерді құрайды: оқу тақырыптарының технологиялық карталарын түзу, әр тақырып үшін қадағалаушы-диагностикалық құралдарын түзу, әр тақырып бойынша оқу жетістіктердің жеке карталарын дайындау.

Оқу тақырыбы, әдеттегідей, бірнеше сабақта зерделенеді. Тақырыптың технологиялық картасында олардың саны белгіленеді. Сабақ деңгейінде оқу процесін жобалағанда, педагог оның мақсаттарын тақырыпты меңгеру кезеңіне және сынып құрамына сәйкес анықтайды. Жобада оқу мақсаттары мектеп оқушыларының оқуындағы күтілетін нәтиже болып табылатын қызметі түрінде сипатталғандықтан, мұғалім қиналмай анағұрлым жарамды мазмұнды, оқу әдістері мен тәсілдерін, көрнекі құралдарын, практикалық қызмет түрлерін, сабақта оқушыларға жеке және сараланған көзқарспен келуді таңдай алады, олар сабақтың ақпараттық картасында тіркеледі (9-кесте).

Оқу жылы аяқталысымен оқушылардың оқу жетістіктері жинақталып, жетістіктердің қорытынды картасында көрсетіледі (10-кесте). Сипаттау жетістіктердің тақырыптық карталарындағы деректер негізінде орындалады, олар оқушының сабақтағы жұмысына күнделікті бақылауларымен толықтырылады.

Осылайша, ақыл-ойы кем оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды-сипаттаумен бағалауды енгізу негізі педагогпен пән бойынша тұтас педагогикалық процесті критериалдық-деңгейлік мақсатты тұжырымдама негізінде жобалау технологиясын практикалық меңгеру болып табылады.

Пән бойынша оқу процесін жобалаудың негізгі ресімдері ретінде шығатындар:

- деңгейлік-операционалды мақсатты тұжырымдау;
- оқу курсының қисынды құрылымын анықтау;
- оқу тақырыбының деңгейінде жоспарлау;
- қадағалаушы-диагностикалық материалдарды әзірлеу;
- сабақ деңгейінде жоспарлау.

Пән бойынша оқу курсының жобасы педагогикалық құжаттардың топтамасымен қамтамасыз етіледі:

- мақсатты тұжырымдау (күтілетін нәтижелер);
- күнтізбелік жоспар;
- оқу тақырыптарының технологиялық карталары;
- қадағалаушы-диагностикалық материал;

- оқушылардың оқу жетістіктерінің картасы (тақырыптар мен тараулар бойынша);

- сабақтардың ақпараттық карталары;

- оқушының жыл бойындағы жетістіктерінің қорытынды картасы.

Математика бойынша оқу курсының мысалындағы педагогикалық құжаттаманың үлгілері 5-10-кестелерінде көрсетілген.

5-кесте – «6-10 санын нөмірлеу» бөлімге мақсатты тұжырымдау көрінісі

Бағдарламаның бөлімдері және олардың мазмұны	Күтілетін нәтижелер		
	Білім, білу	Түсіну	Қолдану
<p>Нөмірлеу 1-5 санын нөмірлеуді қайталау.6 дан 10 дейін сандардың құралуы +1 әдісімен, -1 пәндік-тәжірибелік қызметте 0 саны. 0, 6, 7, 8, 9 цифрлары. Санды жазу 10 екі цифрымен. Саны, сан есім, цифрлар ара қатынасы.Сандық қатарлардағы сандардың сабақтастығы. Сандарды салыстыру. Сандар құрамы Салыстыру белгілері. Сандар мен цифрлар</p>	<p>1.Сан есімдерді (реттік және сандық) тура және кері байланыс ретімен атайды 2.1-9 цифрларды іздеп табады және 10 саны цифрлық кассада үлгі және атауы бойынша іздеп табады. 3. 1-10 санын жазады. 4.Цифрлар көмегімен 1-10 сандық қатарын бөліп елестетеді. 5.Жіктеудің түрлі нұсқаларын қолдана отырып 2-10 пәндерден екі бөлікке топтарға бөледі.</p>	<p>1.Суретте, сандық фигурада есептерді қолданып топтағы пәндердің санын анықтайды. 2.Сандар және сәйкес цифрлармен заттардың санын саусақтар саны ара қатынасына келтіру . 3.Пәндер санын екі топта жұптық әдістер ара қатынасымен салыстырады, қайта есептейді. 4. Қандай да бір аз сандардан 2-10 сандарды құрауға болатынын атайды .</p>	<p>1.1-10 сандарының әр қайсысынан алдыңғы +1 санына және -1-ден кейінгі сан тәсілімен алады. 2.1-10 санын салыстырады, салыстыру нәтижелерін белгілер көмегімен жазады.</p>

6-кесте – Тақырыптың технологиялық картасы: 6. Сандар және цифрлар

Сабақтар саны	4
1	2
Шағын мақсаттар	<ol style="list-style-type: none"> 1.Топта пәндер санын анықтауға үйрету (6 шамасында), суретте, сандық фигурада есепті қолданып. «Қанша?» сұрағына жауап беру 2. 1 –ден бастап 6 шегінде сонымен қатар кез-келген саннан тура және кері тәртіппен (реттік және сандық) сандарды атау білігін қалыптастыру. 3.Үлгі, атау бойынша цифрлық кассада 6 цифрын іздеуді үйрету.6 цифрын жазу. 4. Сандық қатарда 6 саны орнын анықтауды үйрету (алдыңғы санды атау). 5. Сандық қатардағы 6 санын (алдыңғы санды атау) орнын анықтауға үйрету. 6. 6 сандар және цифрлармен саусақ санымен пәндер саны ара-қатынасын белгілеу 7. Цифрлар және белгілер көмегімен салыстыру нәтижелерін жазу, сандарды салыстыруға үйрету. 8. 6 санын алуды бес санына 1 қосу тәсілімен үйрету.
Көркем геометрия	Геометриялық фигуралар үлгілерінің түрлері бойынша топтау.
Ілеспе қайталау	«Қаншалықты, қанша, көбірек, азырақ, біреуі жетпейді». Цифрлар мен сандар 1, 2, 3, 4, 5, 0. 5 қосындысы шегінде , 5 шегінде азайту.
Математикалық сөздік және сөз тіркестері	<p>«Қанша?» «Есеп бойынша ?» сұрағына жауап. Сенбі – аптаның алтыншы күні. Белсенді сөйлеуде «Қанша ?» сұрағын қолдану.Бір, біреу, бір, екі, екеу, жұп, үш, төрт, бес, алты. Бірінші, бір, екі, екінші, үш, үшінші, төрт, төртінші, бес, бесінші, алты, алтыншы, (белсенді сөзде қолдану мүмкіндігі бойынша түсіну).</p> <p>Бірге бірді қосқанда екі болады (болады). Екіге бірді қосқанда үш болады (болады).Үшке бірді қосқанда төрт болады (болады). Төртке бірді қосқанда бес болады (болады).Екі минус бір бір болады (болады). Үш минус бір екі болады (болады).Төртен бірді алғанда үш болады (болады).Бестен бірді алғанда төрт болады (болады).</p> <p>Салыстыру. Алты (бес, төрт, үш, екі) бірге қарағанда көп. Екіге қарағанда бір азырақ (үш, төрт, бес, алты) және т.б.</p>

6-кестенің жалғасы	
1	2
Ішкі пәндік байланыстар	6 тенге монеталарымен, 2 тенге құнындағы монеталар және басқа да монеталар жинау.
«Алға жүгіру»	Пәндер жұптары есебімен практикалық жаттығулар. Сенбі-аптаның алтыншы күні
Жабдықтар	Ойыншықтар, ұсақ заттар. Есептер. 1, 2, 3, 4, 5, 6 сандары үшін сандық фигуралар. 1, 2, 3, 4, 5, 6 цифрларымен тақтайша. Салыстыру (көп, аз) және теңдеу белгісімен тақтайшалар. 1, 2, 5 тг құнындағы монеталар. 1, 2, 3, 4, 5, 6 цифрларының жекелеген трафераттары мен шаблондары. 1, 2, 3, 4, 5, 6 цифрларындағы наждач немесе бархат қағазында қиылған жекелеген тақтайшалар. Бір мағыналас сандар мен цифрлардың өзара ара қатынасын тағайындауға арналған лото, домино

7-кесте – «6 саны мен цифры» тақырыптары бойынша: үлгілік бақылау-диагностикалық материалдары

Жетістіктер дегейі мен критерилері	Өлшеу
1	2
<p>Білу</p> <p>1. 1 –ден бастап 6 шегінде сонымен қатар кез-келген саннан тура және кері тәртіппен (реттік және сандық) сандарды атау білігін қалыптастыру.</p> <p>2. Үлгі, атау бойынша цифрлық кассада 6 цифрын іздеу.</p> <p>3. 6 цифрын жазу.</p> <p>4. Цифрлар көмегімен 1-6 сандық қатар бөлігін елестету.</p> <p>5. Жіктеудің түрлі нұсқаларын қолданып, 6 заттан тұратын топтарды екі бөлікке бөлшектейміз.</p>	<p>1. 1- ден 6- дейін , 6- дан 1 - ге дейін дауыстап есептейміз.</p> <p>2 ден 6 ға дейін есепте. Керсінше 6- дан 3- ке дейін есепте.</p> <p>2. Цифрлық кассада алты цифрын тап.</p> <p>Егерде бала тапсырманы орындай алмаса , онда педагог 6 цифрын көрсетеді: «Осындай цифрды тап» деп сұрайды</p> <p>3. 6 цифрын жазу.</p> <p>4. Сандарды реті бойынша жайып қою, (балада 1 -ден 6 –ға дейінгі цифрлармен тақтайша)</p> <p>5. 2 стаканға карандаштар жайып қою. Қалай жайғаныңды айт? Басқаша жай.</p>

1	2
<p>Түсіну</p> <p>1. Суретте, сандық фигурада есептерді қолданып топтағы пәндердің санын анықтайды (2 шегінде).</p> <p>2. Сандар және сәйкес цифрлармен заттардың санын саусақтар саны ара қатынасына келтіру</p> <p>3. 1-6 заттардан құралған, топтарды салыстырып екі топты жұптық әдістер ара қатынасымен салыстырады, қайта есептейді.</p> <p>4.6 санын қандай екі аз саннан құрауға болатынын атау.</p>	<p>1. Баланың алдында алты зат (6 сандық фигура, 6 зат бейнеленген сурет). Педагог сұрайды: «Қанша зат?»</p> <p>2.«Қанша саусақ бар екенін көрсет?» « Қажетті цифраны көрсет?».</p> <p>3. а) Баланың алдында екі тарелка.Біреуінде бір зат (2,3, 4, 5), екіншісінде алты зат.«Салыстыр. Қайсысында заттар көп. Қайсысында заттар аз?»</p> <p>4. Оқушыға «үйшік » 6 санын толтыру ұсынылады.</p>
<p>Қолдану</p> <p>1.</p> <p>6 санын +1 алдыңғы санға және 5 санын -1 келесідей одан кейінгі сан тәсілімен алады.</p> <p>2.1-6 санын салыстырады, салыстыру нәтижесін белгілер көмегімен жазады.</p>	<p>1. 6 санын алу үшін 5- ке қанша қосу керек? 5 санын алу үшін 6- дан қанша алу керек?</p> <p>2. Баланың алдында (1-6) саны карточкалары және салыстыру белгілері ұсынылады.</p> <p>Педагог екі санды ұсынады және сұрайды: «Сандарды салыстыру, қажетті белгіні қою».</p>

8-кесте – 6 саны мен цифры тақырыбы бойынша: оқушының оқу жетістігі

Білу	күні	Түсіну	күні	Қолдану	күні
1. 1 –ден бастап 6 шегінде сонымен қатар кез-келген саннан тура және кері тәртіппен (реттік және сандық) сандарды атау.		1. Суретте, сандық фигурада есептерді қолданып топтағы пәндердің санын анықтайды (6 шегінде).		1. 6 санын алдыңғы +1 санымен және 5 саны - 1одан кейінгі әдісімен санмен алады.	
2. Үлгі, атау бойынша цифрлық кассада 6 цифрын іздеу.		2. Заттар санын саусақтар санымен, сандармен сәйкес келетін цифрлар ара-қатынасына келтіру .		2. Салыстыру нәтижелерін белгілер көмегімен жазу, 1-6 санымен салыстыру.	
3. 6 цифрын жазу.		3. 1-6 заттардан құралған екі топты жұптық әдістер ара қатынасымен, топтарды салыстырады, қайта есептейді.			
4. Цифрлар көмегімен 1-6 сандық қатар бөлігін елестету.		4. 6 санын қандай екі аз саннан құрауға болатынын атау.			
5. Жіктеудің түрлі нұсқаларын қолданып, 6 заттан тұратын топтарды екі бөлікке бөлшектейміз.					

9-кесте – Сабақтың ақпараттық картасы түрі

Тақырыбы:

Мақсаттары:

Көрсету жабдықтары:

Тарату материалдары:

Сабақ кезеңдері	Мұғалім мен оқушылардың біріккен қызметі мазмұны	Сараланған және жекелеген тәсілдер			Оқушылар қызметі нәтижесі
		1 және 2 топ	3 топ	4 топ	

10-кесте – ... оқу жылындағы математика бойынша оқушылар жетістігі жинағы

Бағдарламалар бөлімі	Оқушылар жетістігін сипаттау
Нөмерлеу	
Арифметикалық іс-әрекет	
Мөлшер және оларды өлшеу	
Көркем геометрия элементтері	
Арифметикалық есептер	

6 Жеңіл және орташа ақыл-ойы кем оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен рәсімдері

Зерде бұзылыстары бар мектеп оқушыларының білімділік қажеттіліктерінің бірі оқу материалының мазмұнының әр оқушының танымдық мүмкіндіктеріне және оның шынайы оқу жетістіктеріне сәйкестігіне ұдайы қадағалау болып табылады. Оқу материалының сәтті меңгерілуін және оқушылардың өмірлік дағдыларының қалыптасуын ретімен қадағалауды іске асыру маңызды. Педагогпен бағалау рәсімдері көмегімен алынып отыратын ақпарат дағдыларды және икемдерді игеру процесінде туындайтын қиыншылықтарына дер кезінде және сайма-сай әсер етуге көмегін тигізеді. Педагог сыныпта жеңіл ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларына берілетін жеке көмектің мазмұны мен амалдарын негіздеп анықтауға, сонымен қатар ақыл-ойы жеңіл кенжелеген мектеп оқушыларды оқытудың жеке бағдарламасына түзеулерді енгізуге мүмкіндік алады.

Бағалау рәсімдеріне қойылатын талаптар осы санаттағы оқушылардың оқуындағы гуманизация, табиғатқа үйлесімділік идеяларының әсерімен туындаған. Сипаттау бағасы даму мен білімділігінің бар деңгейін ғана емес оқушымен жүргізілетін келесі қадамдарды да анықтайды. Дәл осы сипаттау бағасы мектеп оқушыларының бойында өзін-өзі сайма-сай бағалау дағдыларын қалыптастыруға мүмкінді береді. Бұл кезде әр түрлі оқушының жетістіктерін салыстыруға жол беруге болмайды. Оқушының жетістіктерін тек оның алдындағы жетістіктерімен ғана салыстыру керек. Зерде бұзылыстары бар балаларға қатысты жалпы білім беретін мектептерде қабылданғандай, үлгерім және білім сапасының пайызымен анықтау орынды емес.

Зерде бұзылыстары бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды-сипаттамамен бағалау технологиясының идеясының негізі – объективті бағалауды қамтамасыз ету.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларының оқу пәндері бойынша оқу қызметінің нәтижелерін бағалаудың нормалары деңгейлік операцияларды мақсатты тұжырымдаумен анықталған оқудағы күтілетін нәтижелеріне негізделіп, оқушылардың оқу жетістіктерін тексеруді және бағалауды ұйымдастыруға бірыңғай көзқарастарды іске асыруға бағытталған.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларына білім беру ұсыныс сипатындағы үлгілік оқу бағдарламаларының негізіне оқудың жеке бағдарламаларын түзумен орындалады. Бастауыш сыныптарда бұл оқушыларға арналған оқу процесі пәнсіз оқыту негізінде құрылады. Пәнсіз оқыту балалардың жалпы дамуын қалыптастырып, оқушыны пәнді оқытуға ауыстыру үшін негіз береді. Ол келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- балада өзі және қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру;
- қатынасқа түсу дағдыларын дамыту;
- өзіне қызмет көрсету және қауіпсіз өмір тіршілігі дағдыларын қалыптастыру;
- оқу қызметінің ең қарапайым түрлерін меңгеруге дайындау;

– әлеуметтік бірігуі және жақын қоршаған ортасынан тұрмыстық тәуелділіктен арылу.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктерін бағалау үшін бастама алатын мән ретінде олармен жүргізілетін түзеуші-педагогикалық жұмыстың құрылымы үшін негіз ретінде алынған бағыттар шығады. Бақылау және бағалау жүйелері бағаны бағалау қызметінің нәтижелерін мөлшермен белгілеу нұсқасы ретінде қолданусыз мазмұндық негізде құрылды.

Мектеп оқушыларының жетістіктерін бағалау барлық субъектілердің әрекеттерінің (ресімдерінің) реттелген жүйесі түрінде көрініс беретін технология болып табылады, ол келесі кезеңдерге сәйкестікте: дайындық, конструктивтік-жобалаушы, ұйымдастырушылық-әрекетті, аналитикалық-рефлексиялық, түзеуші [12-16]. Дайындық кезеңінде білімділік процесін жобалаудың нәтижелік-мақсатты негізі құрылады. Конструктивтік-жобалаушы кезеңінде критерийлерді, көрсеткіштерді анықтайды, бағалау құралдарының (өлшемдердің) қорын қалыптастырады. Ұйымдастырушылық-әрекетті кезеңде бағалау ресімдерінің шарттары мен ережелерін анықтайды. Аналитикалық-рефлексиялық кезеңде оқу мазмұнына қажетті өзгертулерді, оқу процесінің сапасын арттыру үшін алынған деректерді ескерумен, әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдарды енгізеді.

Бағалау рәсіміне ілесіп, жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға қатысты педагогтердің жоғарыда көрсетілген кезеңнің әрқайсысындағы қызметінің мазмұнын қарастырып көрелік.

Дайындық кезеңі. Білім беру процесін жобалаудың нәтижелік-мақсатты негізі құрылады. Мақсатты тұжырымдау орындалады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларына қатысты – бұл оқушының қызметін сипаттайтын, оның дағдыны меңгеру дәрежесін көрсететін оқу пәні шеңберіндегі деңгейлік операцияларды мақсатты тұжырымдауы.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларына қатысты күтілетін нәтижелер аясын бірмәнді анықтап, оларды «үстінен» бағдарламалауға болмайды. Әр балада өз ырғағы мен даму қарқыны, өз қабілеттері мен шектеулері болады. Балада белгілі уақыттағы нақты жетістіктерді жоспарлау, алдын ала болжамдау, күту мүмкін емес. Оқушының дамуы, оны өз жолында ұстануы әбден мүмкін бағыттарды ғана анықтауға болады. Ондай жеңіл ақыл-ой дәрежедесіндегі балаға қарағанда, жеке дамудың айтарлықтай төмен деңгейінде тұрады. Осы санаттағы балаларды оқытып-үйрету осы сөздің кең мәнінде алынып, мүмкіндіктерінің аз қоры байқалатын пәндік білімдерді ғана қалыптастыруға қарамауы керек. Балалар үшін жалпы даму мен өмірлік деп аталатын дағдыларды меңгеру айтарлықтай мәнді болады, осылар оқу процесінің негізгі міндеті болып табылуы тиіс, олардың ішінде ерекше атап айтылатындары:

– баланың өмірі мен денсаулығын сақтау, дене бітіміндегі дамуындағы бұзылыстардан асу;

– қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік ортадағы сайма-сай жүріс-тұрысын қалыптастыру;

– қоршаған табиғат және әлеуметтік дүние туралы әлеуметтік оңалтуға

және бейімделуге ықпалын тигізетін қарапайым практикалық дағдыларды қалыптастыру;

– меншікті өмір тіршілігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-тұрмыстық, еңбек икемдері мен дағдыларын қалыптастыру;

– оқушыны бос уақытын белсенді өткізуге дайындау.

Зерде бұзылыстарының ауырлық дәрежесін және мектеп оқушыларының оған байланысты білім беру процесіне қосылудағы қиыншылықтарын назарға алып, орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуды, ең алдымен, отбасының әлеуметтік қолдауы тұрғысынан қарастыру керек. Сондықтан орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту мақсаттары мұғалім үшін оның ниетін білдіретін міндеттер ретінде тұжырымдалады.

Ақыл-ойы кем балаларды жалпы қабылданған бағалар шкаласына сәйкес бағалауға болмайды. Әрбір педагогикалық кеңес бағалаудың меншікті мектептік жүйесін құру құқығына ие болуы керек.

Конструктивтік-жобалаушы кезең. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалардың оқу процесін жобалауға технологиялық көзқараста әр пән бойынша күтілетін оқу нәтижелері оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша сараланған. Әр жетістік деңгейіне көрсеткіштер әзірленеді, олардың орнында оқушылардың мазмұнды меңгеру деңгейіне сәйкес келетін әрекеттері шығады. Бағалау құралдары әр көрсеткіш үшін әзірленеді. Бағалау құралдары ретінде дағдылардың қалыптасуы үшін көмегі қажет болатын тапсырмалар мен жаттығулар шығады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларының оқу процесін жобалау (жоспарлау) технологиясы әр мектеп оқушысының жеке қажеттіліктеріне негізделеді. Жоспарлауда үлгілік оқу бағдарламаларынан емес, баладан бастама алады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға қатысты оқытудың жеке бағдарламасы ғана мүмкін болатындықтан, оны құру педагогтің жобалау қызметіндегі маңызды құрамдас болып табылады.

